



ШЕРХАН МҰРТАЗАНЫҢ ТУҒАНЫНА 90 ЖЫЛ

ШОҚ ЖҰЛДЫЗДАЙ ШЕРАҒА



» Жақсылықтың жаршысындай болып көзге оттай басылған көгілдір Наурызкөкті көргім. Ол жылда мені көктемнен көктемге дейін жетектеп келе жатқан әулие құс. Көрісер көктеміміз көп болсын, әулие Наурызкөк! Сен көрінбей қалсаң - сол қиын. Нағыз кем дүние сол болар.

(Шерхан Мұртаза,
«Бір кем дүние»
кітабынан)

(6-7-беттер)



1990 жылы 25 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің қаулысымен тарихи құжат – еліміздің мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылданды. Онда Қазақстанның мемлекеттік егемендігі жарияланып, елдің саяси-құқықтық тәуелсіздігінің бағдарламасы баяндалды. Ел аумағының тұтастығы, оған қол сұғылмайтындығы, қазақ халқының және Қазақстандағы басқа да этнос өкілдерінің төл мәдениетін, дәстүрін, тілін қайта түлету мен дамыту, ұлттық қадір-қасиетті нығайту мемлекеттің аса маңызды міндеттерінің бірі ретінде тайға таңба басқандай жазылды.

Он үш жылдан соң қайта қауышып отырған мереке – Республика күніне орай Кеңестер Одағы кезінде генерал атағын алып, әуе дивизиясын басқарған санаулы қазақтың бірі, кейін ҚР Қорғаныс министрі қызметін атқарған армия генералы, Халық Қаһарманы Мұхтар Алтынбаевқа жолығып, бірнеше сұрақтар қойған едік.

Мұхтар АЛТЫНБАЕВ,
«Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері ардагерлері» қоғамдық ұйымының төрағасы,
Халық Қаһарманы, армия генералы:

«ӨТКЕНГЕ ТАС АТСАҢ, ӨЗІҢЕ ТИЕДІ»

– Мұхтар Капашұлы, Тәуелсіздіктің бастауы болып табылатын осы тарихи құжат қабылданған күн есіңізде ме? Ел егемендігі туралы ең алғаш естіген кезде қандай көңіл-күйде болдыңыз?

– Әскери ұшқыш ретінде мен ұзақ жылдар қазақ даласынан жырақта қызмет еттім. Әйтсе де, әрбір ер-азаматтың жүрегі туған жер деп соғады ғой, үнемі елге қарай елеңдеп жүрдік. Қазақстан егемендігін жариялаған кезде жүрегіміз жарыла қуандық. Бұл оқиғаның шын мәнін дәл сол сәтте барынша терең сезінбеген шығармыз, алайда ата-бабаларымыз ғасырлар бойы аңсаған күннің туғанын түйсіндік. Бұл уақытта мен Түркіменстанда КСРО Әуе қорғанысы күштері дивизиясының командирі болып қызмет атқаратынымын. Тезірек елге оралуға асықтым. Өкінішке қарай, ол ойым бірден жүзеге асқан жоқ, біршама уақыт күтуге тура келді. Ол, әрине, бөлек әңгіме.

(Жалғасы 3-бетте)

КӨМІР – ӨМІР

МИНИСТР НЕ ДЕЙДІ, БІЗ НЕ ДЕЙМІЗ?

Жылда қайталанатын жағдайға көре-көре көзіміз үйреніп, етіміз өліп кеткені сонша, «е-е» дейміз де қоямыз. Қарағанды облысындағы көмір сатып алуға барған адамдардың ұзын-сонар кезегі көз ұшына жетіп отыр. Қазба байлықтың үстінде отырып, өзімізді-өзіміз әурелеу жылдағы әдетке айналып кетті. Әуре демекші, тек көмірге ғана қатысты емес, өмірге қажетті ішпек-жемектің де маусымдық зерулігі туындап тұрады. Әрі мұның бәрі қолдан жасалады. Мысалы, биыл қантқа шұбатылған кезек, шөкەر үшін шайқасты да көрдік. Жаз қызығы қанттың жырымен өтсе, күздің қара суығынан қыстың аязы қысқанға дейінгі уақыт көмірдің кезегінде өтіп жатыр.

(Жалғасы 3-бетте)



ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ НЫШАНЫ

ҚАЗАНДА ГҮЛДЕГЕН БӘЙШЕШЕК



Қостанай облысындағы Семиозерный орман шаруашылығына қарасты қарағайлы орманның өртенген алқабында бейшешек гүлдеді.

Бұл туралы хабарлаған «Костанайские новости» басылымы бейшешектің гүлдеуі жақсы белгі екенін атап өткен. Мамандардың айтуынша, бұл осы алқаптың қатты күймегенін білдіреді. Бейшешек еліміздің Қызыл кітабына енгізілген.



БИРЖАМЕТР

МУНАЙ (brent)
93,14

DOLLAR
470

EURO
459

РУБЛЬ
7,1



kctv

80
ФИЛЬМ

300
МУЗЫКАЛЬНЫЙ
АЛЬБОМ

7
СЕРИАЛ

25
МУЛЬТФИЛЬМ



КИНО МЕН МУЗЫКА ӘЛЕМІ
СМАРТФОНЫҢЫЗДА

Қосымшаны жүктеп, E2, A320, A321
бортында тамашалаңыз

air astana



168 SAĖAT

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

ПРЕЗИДЕНТ САПАРЫ

«Мемлекетіміз тұрақты дамуы үшін азаматтар бәсекеге қабілетті болуы керек. Заманға сай мамандық алып, еңбек пен білім культі орныққан қоғамға айналуға тиіспіз».

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы облысына жұмыс сапарында жұртшылықпен кездесті.

компания Ресейден Қазақстанға көшті. Олардың бәрін ірі қалаларда шоғырландыру тиімсіз. Әкімдік мұндай кәсіпорындарды Алматыға жақын, Үлкен Алматы айналма жолының бойына орналастыру мәселесін қарастырғаны жөн», — деді Мемлекет басшысы.

Президент Алматы облысының энергетика саласындағы әлеуеті зор екенін атап көрсетті. Жүзеге асып жатқан Шелек дәлізіндегі жел

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

«Бүгінде әлем аумалы-төкпелі геосаяси жағдайға және бұрын-соңды болмаған жаһандық сын-қатерлер кезеңіне қадам басты. Түрлі қақтығыс пен соғыс көбейіп, елдер арасындағы сенімсіздік күшейе

Жетісудың ауыл шаруашылығындағы басым бағыттың бірі — қант қызылшасы. Еліміздегі 4 қант зауытының екеуі осы жерде. Бірақ шикізаттың жоқтығынан біреуі жұмыс істемей тұр. «Қант қызылшасын өсіретін алқаптар азайып кетті. Соның кесірінен импортқа тәуелділік арта түсті. Зауытты іске қосуға 2017 жылдан бастап жергілікті бюджеттен 12 млрд теңге жұмсалды. Биыл жазда қант қымбаттап, тапшылық туындады. Оның бәрі құзырлы органдардың салғырттығы мен бейқамдығының кесірінен болды», — деді Президент.

Мемлекет басшысы бос тұрған зауытты тезірек толық іске қосуды, қажет болса, басқа инвесторлар тартуды қарастыру керек екеніне назар аударды. Сонымен қатар облыстағы екі қант зауытының қуатын 100 пайызға жеткізіп, 2026 жылға қарай өндірілетін қант көлемін 180 мың тоннаға арттыру қажет. Облыстың көкөніс пен бау-бақша өсіруде әлеуеті зор, сондықтан заманауи қоймалар салу мәселесін шешу қажет екенін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев сапалы жұмыс орындарын құруға мүмкіндік беретін өңдеу өнеркәсібіне жана инвесторларды белсендірек тарту қажеттігін, өңірдегі аккумулятор зауыты болашағы зор іргелі кәсіпорынның бірі екенін айтты.

Өңірдің транзиттік мүмкіндігін ескере отырып, халықаралық көлік-логистикалық компанияларды тарту маңызды. Бұл үшін елімізде құрғақ порт, логистикалық және индустриялық аймақтарды қамтитын «Қорғас — Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағы бар. «Достық стансасында жылына 9 миллион тонна жүк пен 300 мың контейнер қабылдап, жөнелте алатын терминал салу жоспарланып отыр. Сонымен қатар Hubei Kelison индустриялық паркін салу жөнінде Қытаймен бірлескен жобаны жүзеге асыруға қатысты мәселелерді шешу қажет», — деді Мемлекет басшысы.

Сондай-ақ ол тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы инфрақұрылымын жаңғырту мәселесіне тоқталды. Жетісу халқының 90 пайызы орталықтандырылған сумен қамтамасыз етілген. Алайда су құбыры желілерінің едәуір бөлігі өбден тозып, 1,2

мың шақырым құбыр желісі күрделі жөндеуді қажет етеді. Сондықтан өңірдегі құбыр желілерін кезең-кезеңімен жаңарту әкімдіктің басты міндеттерінің бірі. Көгілдір отын облыс тұрғындарының 10 пайызына ғана қолжетімді екенін айтқан Қасым-Жомарт Тоқаев бірқатар елді мекенді газбен қамтуды тапсырды. Облыстағы жол жөндеу, денсаулық сақтау саласы, туризмді дамыту мәселесіне айрықша тоқталды.

Мемлекет басшысы қақтығысқа толы бүгінгі заманда әр азамат өзінің сөзі мен іс-әрекеті үшін жауапкершілікті сезінуі керек екенін ескертті: «Бұл, ең алдымен, қоғамда белгілі тұлғаларға, саясаткерлерге, журналистерге, блогерлерге қатысты. Ағат айтылған сөздер мен орынсыз мәлімдемелердің салдары ауыр болуы мүмкін. Қазақ «Айтылған сөз — атылған окпен тен» деп бекер айтапаған. Біздің қоғамға ірікті салу

әрекеттеріне заң аясында қатаң тосқауыл қойылады. Елімізде заң мен тәртіп бірінші орында тұруы керек».

Президент елімізде саяси реформалардың жүргізіліп жатқанын айтып, оның мән-мағынасын түсіндірді. «Әділетсіз шығарылған шешім биліктің беделін түсіреді. Қоғамға ірікті салып, халықтың наразылығын тудырады. Сондықтан ешқашан әділдіктен аттауға болмайды», — деді Президент.

Талап ТІЛЕГЕН

ҚОҒАМҒА ІРІТКІ САЛУ ӘРЕКЕТІНЕ ҚАТАҢ ТОСҚАУЫЛ ҚОЙЫЛАДЫ



Фотоназар. akorda.kz

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

Мемлекет басшысы кездесуде сөйлеген сөзінде бұл өңірдің еліміз үшін ерекше орны бар екенін атап өтті. Алматы облысын бөлек әкімшілік аумақ ретінде құрудың және оның орталығын Қапшағай жағасына көшірудің маңыздылығына тоқталды. Аймақтың экономикалық әлеуеті зор, инвестициялық мүмкіндігі жоғары. Аграрлық-индустриалдық бағытта тұрақты дамып келеді. Дегенмен шұғыл реттеуді қажет ететін мәселелер де бар. Мемлекет басшысы әрқайсысына тоқталып, жергілікті әкімдік пен Үкіметке нақты тапсырмалар берді.

Біріншіден, аймақтың территориялық тенгерімді дамуын жолға қою маңызды міндет. Бұл бағыттағы ең басты көрсеткіш — азаматтардың әлеуметтік маңызы бар қызметтерге тең дәрежеде әрі кенінен қол жеткізуін қамтамасыз ету, тұрғын үй-коммуналдық жағдайын жақсарту. Жыл басынан бері өңірде 686 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Соған қарамастан, қолжетімді баспана — аймақтағы ең өзекті мәселе. Саяжайда 180 мыңнан астам адам тұрады. Ескі, апатты жағдайдағы үйлер көп. Коммуникация желісінің тозығы жеткен. Осы орайда Президент Үкіметке тұрғын үй құрылысы мен апатты жағдайдағы үйлерді күрделі жөндеу үшін бөлінетін қаржыны ұлғайтуды тапсырды.

Алматы облысы азық-түлік, сусындар, қағаз бұйымдарын, пластик құбырлар мен өндірістік-шаруашылық мақсатта қолданылатын заттар өндіру жөнінен көш бастап келеді. Құрылыс материалдарының 70 түрін шығаратын өңірдің бүкіл елдегі құрылыс индустриясына негізгі өнім жеткізуші болатындай мүмкіндігі бар. Қазір облыста екі индустриалдық аймақ жұмыс істейді. Тағы екеуі құрылып жатыр. Бұдан бөлек, Алматы мен Қонаев қаласының ортасында салынып жатқан Gate City серіктес қаласының аумағында әлеуетті жобаларды орналастыру үшін арнайы экономикалық аймақ ашылды. «Қазіргі уақытта 50-ден астам халықаралық

электр стансасы, Райымбек ауданындағы шағын ГЭС және Еңбекшіқазақ ауданындағы Бартоғай ГЭС-і секілді ірі жобаларды қоса алғанда, жанартылатын энергия көздері бойынша 24 нысан бар. Облыста өндірілетін энергияның 20 пайызы осы стансаларға тиесілі. Бұл — жақсы көрсеткіш. Дегенмен электр энергиясын тұтынудың ұдайы өсуіне байланысты энергия тапшылығы сезіле бастады. Осы орайда Президент аталған мәселенің тиімді шешімінің бірі атом электр стансасын салу екенін айтты. «Мамандар Алматы облысы Жамбыл ауданындағы Үлкен ауылын АЭС құрылысына ең оңтайлы орын деп отыр. Біз бүгінгімізді ғана ойлап, түрлі фобиялардың жетегіне ермеуіміз керек. Себебі еліміздің келешегіне қатысты мәселе шешілгелі тұр. Әйтпесе елдің дамуы тұралап, көрші елдерге энергия тұрғысынан тәуелді болу қаупі бар», — деді Мемлекет басшысы.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде Алматы облысының мүмкіндігі мол. Ауыл шаруашылығы әлеуетін тиімді пайдалану үшін бірқатар міндетті шешу керек. Сондай-ақ өңірде туризм саласын дамытуға болады. Биыл «Іле-Алатау», «Шарын», Көлсай көлдері» ұлттық парктеріне 850 мыңдай турист келген. Ендігі міндет — облыс аумағындағы ұлттық парктердің жол және инженерлік инфрақұрылымын қамтамасыз ету. Оған қоса, Үкімет Қапшағай су қоймасының мәртебесін еліміздің негізгі туристік нысандарының бірі ретінде айқындауы керек.

Президент «Әділетті Қазақстан» құру ең жоғары құндылық болуға тиіс екенін атап өтіп, халық пен билік арасында дәнекер болатын қоғамдық кеңес институтының айрықша рөліне тоқталды. «Бүгінде еліміз бойынша 256 қоғамдық кеңес бар. Былтыр «Қоғамдық кеңестер туралы» заңға өзгерістер енгізілді. Соның нәтижесінде олардың құзыреті едәуір кеңейді. Мен осы салаға қоғам өкілдерін көптеп тартуды тапсырдым. Қазір олардың үлесі 86 пайызға жетті. Биыл Ұлттық құрылтай құрылып, оған әрбір өңірдің қоғамдық кеңесінен бір өкіл мүше болды», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

түсуде. Мұндай күрделі жағдайда халқымыздың бірлігі, қоғамдағы келісім мен тұрақтылықты сақтау ерекше маңызға ие».

Мемлекет басшысы Жетісу облысының жұртшылығымен кездесуде осылай деп атап көрсетті.

Кездесуде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бұл өлкенің өзіне ерекше ыстық екенін айтты. Бұрынғы Алматы облысының жер көлемі үлкен болғанын, жергілікті басқару ісін жетілдіру үшін облысты екіге бөлу туралы шешім қабылданғанын жеткізді. Қазір Жетісудың әлеуметтік-экономикалық қуатын арттыруға бюджеттен қаржы бөлініп, қолдау көрсетіліп жатыр.

Мемлекет басшысы өз сөзінде Жетісу өңірінің дамуына тын серпін беретін кейбір мәселелерге арнайы тоқталды. Ең алдымен, ауыл шаруашылығын дамытуды және азық-



түлік өнімдерін өндіруді бірінші мәселе ретінде атады. Оның айтуынша, табиғаты жайлы, жері құнарлы Жетісу өлкесінің ауыл шаруашылығындағы әлеуеті өте зор. Бүгінде облыста 100 мың гектардан астам жердің пайдаланылмай бос жатыр. Суаруға арналған желілердің 70 пайызы тозған. Оның бәрін жаңғыртып, қалпына келтіру керек. Ақсу, Алакөл және Сарқан аудандарында суармалы жердің көлемін 18 мың гектарға ұлғайтуға болады. Осы орайда экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі облыс әкімдігімен бірлесіп, нақты шаралар қабылдауы тиіс.

Аптаның сауалы

Берік ДҮЙСЕМБИНОВ, Мәжіліс депутаты:

«Өткен сенбі-жексенбі күні Атырау-Астрахань жолын өз көзімізбен көріп, өз аяғымызбен жүріп қайттық. Түнде келдік. Сіз айтып отырған уәде – 2023 жылы бітіреміз дегеніңіз өтірік әңгіме. Жолдың үстінде жұрттан қалған арба секілді әр жерде бір каток тұр. Осыншалықты байлықпен жолдарымызды жөндөй алмай отырмыз. Жолдың бойымен келе жатып, Исатайдың жанынан өтесіз. Тұщыбұлақтың қасынан, батырлардың, Құрманғазының қасынан өтесіз. Солардың аруақтарынан ұят болды. Қай жылы бітеді жол? Нақты жауап беріңізші?»



1 ЖАУАБЫ

Қайырбек ӘСКЕНБАЕВ, индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі:

«Аталған жолдың 150 шақырымы биыл, 117 шақырымы келесі жылы бітеді. Ай сайын бақылауда ұстап отырмыз. Комитет төрағалары да өз бақылауында ұстап отыр».

Аптаның ақталуы

Ибрагим КҮЛШІМБАЕВ, төтенше жағдайлар бірінші вице-министрі:

«Қазіргі жаалақы жеткілікті деп айта алмаймыз. Біздің өрт сөндірушілердің ең төменгі жаалақысы – 110-108 мың теңге. Ал орташа жаалақы, яғни

офицерлерді қоса есептегенде 200 мың теңгеден асады. Көлер жылдың бюджетіне бұл мәселені қарастырдық, Мемлекет басшысының осындай шешім қабылдауының арқасында келесі жылы біз қызметкерлердің жаалақысын 40 пайызға көбейтуді жоспарлап отырмыз. Ол 2023 жылдың қаңтарынан бастап төленеді».



Аптаның айтары

Гүлнар БИЖАНОВА, Мәжіліс депутаты:

«Рақымшылықты іске асыру залал үшін жауапкершіліктен босатпайды. Тиісінше, жөбірленуші жақтың босатылған адамға залалды өтеу туралы талап қоюына өштеңе кедергі бола алмайды. Рақымшылық қолдану алдында айыпты адам кінәсін де, келтірілген залалды да мойындауы керек».



(Басы 1-бетте)

Ал еліміз қайта қауышып отырған мереке — Республика күніне келсек, оның мәні өте зор. Өйткені өскелен ұрпақ тәуелсіздіктің неден бастау алғанын білуі тиіс. Тарихи әділеттілік тұрғысынан да бұл орынды шешім болды деп ойлаймын.

— Бір жылдан соң Қазақстан өзінің тәуелсіздігіне қол жеткізіп, артынша төл Қарулы Күштерін құруға кірісті. Тыңнан түрен салу қашанда қиын екені белгілі, оның үстіне бізде бұрын-соңды тұрақты армия мен оны жасақтау тәжірибесі болған жоқ дегендей.

Мұхтар АЛТЫНБАЕВ, «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері ардагерлері» қоғамдық ұйымының төрағасы, Халық Қаһарманы, армия генералы:

— Әлбетте, оңайға түспеді. Бүгінгі күннің биігінен қарасақ, ол бір сондай аумалы-төкпелі кезең еді. Кеңестер Одағының шаңырағы шайқала бастады, бұрынғы біртұтас қорғаныс кеңістігі бұзылды. Офицерлер мен прапоршиктер жаппай тарихи отандарына қоныс аударып, жекелеген әскери бөлімдер мүлде басшысыз қалды.

Тәуелсіз республиканың заннамасына сәйкес, сондай-ақ ТМД-ға қатысушы мемлекеттер арасындағы қол жеткізілген келісімдер негізінде, Қазақстан Республикасы Президентінің төл Қарулы Күштерімізді құру туралы Жарлығы дайындалып, онда еліміздің аумағында орналасқан бұрынғы Кеңес армиясы әскери бөлімдері мен олардың қару-жарағы, дүние-мүлкі түгел Қазақстан Республикасының күзіретіне берілетіні атап өтілді. Еліміздің тұңғыш қорғаныс министрі болып Кеңес Одағының Батыры, генерал-лейтенант (кейін армия генералы, Халық Қаһарманы) Сағадат Нұрмағамбетов тағайындалды.

Қазақстан тәуелсіздік алған кезде Орталық Азия әскери округіне қарасты ірі құрамалар мен әскери бөлімдер бізге Кеңестер Одағынан мұра болып қалды. Бұл, ең алдымен, ұшу аппараттарын әлемнің кез келген нүктесіне жеткізуге қабілетті заманауи зымырандары бар екі дивизиядан тұратын стратегиялық мақсаттағы күштер тобы еді. Бұдан басқа, құрамында стратегиялық бомбалаушы ұшақтарының дивизиясы, танк дивизиясы бар қуатты 40-шы армия және әуе қорғанысы корпусы тұрды.

Ұйымдастыру кезеңінің мерзімдері де қатан белгіленді: үш ай ішінде мұраға қалған әскери техника мен дүние-мүлік қабылданып алынды. Әскерлерді тікелей басқару жүйесі құрылды және ТМД Қорғаныс министрліктерімен өзара бірлесіп, іс-қимыл жасау жолға қойылды. Қазақстан Республикасының әскерлерін қаржылық, материалдық-техникалық және медициналық тұрғыдан қамтамасыз ету мәселелері шешіле бастады.

Бірқатар заң актілерінің қабылдануы нәтижесінде мемлекеттің әскери саласын дамытудың нормативтік-құқықтық базасы жасалды. Тұтастай алғанда, әскери басқарудың

бүкіл жүйесі — мемлекеттік деңгейден бастап әскер деңгейіне дейін өзгеріске ұшырап, ол бүгінгі күннің шындығына сәйкес келтірілді.

Сонымен қатар, мемлекеттің қалыптасу кезеңіндегі әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесін қалыптастыруға бағытталған бірінші Әскери доктрина әзірленді. Мемлекеттің әскери ұйымын тиімді дамыту жолдарын іздестіру келесі төрт Әскери доктринада да көрініс тапты. Олар Қарулы Күштерді дамытудың теориялық және ұйымдастырушылық негіздерін белгіледі, соғыс пен бейбітшілік мәселелеріне және қазіргі заманғы қауіп-қатерлерді ескере отырып, еліміздің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етуге деген негізгі көзқарастарды айқындады.

«ӨТКЕНГЕ ТАС АТСАҢ, ӨЗІҢЕ ТИЕДІ»

Еліміздің жоғарғы басшылығының қамқорлығы мен мемлекеттік қолдаудың нәтижесінде Қазақстан Қарулы Күштерінің қазіргі заманауи келбеті қалыптасты.

— Дүниенің дидары күн сайын құбылып, әлемдегі ахуал сәт сайын өзгеріп жатыр. Бір кемеңіз үстінде болғандықтан, әлгі үдерістердің жанама әсерін біз де сезініп, біліп отырмыз. Мұндай жағдайда елдің ертеңі алаңдатпай қоймайды.

— Қазір еліміз өз дамуының жаңа сатысына аяқ басты. Әлем болса өте күрделі уақытты бастан кешіруде. Сан түрлі саладан тұратын китүркысы мол гибридіт қактығыстар белен алып тұр. Оның ішінде көпшіліктің, әсіресе, жастардың санасына кері әсер ететін ақпараттық күрес те бар. Біз үшін Тәуелсіздіктен жоғары және одан қымбат ештеңе жоқ. Олай болса, осы жолда жұлдырқтай жұмылып жұмыс атқаруымыз керек.

Қазақстан Президенті — Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас Қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде: «Бұған дейінгі жетістіктерімізден айырылып қалмауымыз керек. Мемлекетімізді нығайтып, кез келген сынаққа дайын болуымыз қажет. Табысқа

жету үшін, ең алдымен, ауызбіршілік керек екенін есте ұстайық», — деді. Сондай-ақ ол «өткен заманды жоққа шығаратын, өз басшыларына шабуыл жасайтын халықтың болашағы екіталай әрі бұлыңғыр» екенін де атап өтті.

Бұған қатысты «Өткенге тас атсаң, өзіңе тиеді» деген сөз бар қазақта. Кеше ғана

Мемлекет басшысы ұлтты ұйыстыратын жеті қағида идеясын ұсынып, ең әуелі Тәуелсіздіктің бәрінен қымбат екенін баса айтты. Екінші, елдіктің негізі — жеріміздің тұтастығы десе, үшінші мемлекет мүддесі қастерлі құндылық екендігін еске салды.

Сол себепті де біз «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері ардагерлері» қоғамдық ұйымы Жоғарғы Бас Қолбасшысының саясатын қолдаймыз және бірауыздан қараша айындағы Президент сайлауында Қасым-Жомарт Тоқаевтың кандидатурасын ұсынып отырмыз.

— Өзіңіз басшылық жасайтын «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері ардагерлері» ұйымының қызметі туралы қысқаша айта кетсеңіз.

— Біздің қоғамдық ұйым 2010 жылы құрылды. Қазір 14 облыс орталығында, Астана, Алматы және Шымкент қалаларында филиалдарымыз бар. Қазір жана облыстардың құрылғанын білесіздер, сондықтан сол аймақтағы филиалдарды құрып, олардың басшыларын тағайындағалы жатырмыз.

Жалпы біз қорғаныс министрлігімен қоян-қолтық жұмыс істейміз, ведомство басшылығымен үнемі тығыз байланыстамыз.

Қызметіміздің басты бағыты — өскелен ұрпақты, әскери қызметшілерді патриотизмге баулу, отансүйгіштікке тәрбиелеу. Бұл ретте ұрпақтар сабақтастығына, жауынгерлік дәстүрді жадымызда сақтап, оны әрі қарай жалғастыруға зор мән беріледі.

Үлкен өмір мектебін өтіп, оның ішінде әскери борыштарын отты нүктелерде атқарып,



әбден ысылған запастағы генералдар мен офицерлер әрдайым жастарға үлгі деп білемін. Олар жас жауынгерлермен, ата-аналармен жиі кездеседі. Отан қорғаудың ортақ парыз екенін өз өмірлерінен мысал келтіре отырып, қарапайым сөздермен түсіндіреді.

Сондай-ақ 2017 жылы «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері ардагерлері мен әскери қызметшілерінің отбасы» қоры құрылды. Қор қайырымдылық шараларымен қатар, ардагерлер мен олардың отбасына әлеуметтік-құқықтық жәрдем береді. Олардың қайта маманданып, жұмысқа тұруына қолғабыс етеді.

Бір сөзбен, біздер, Қарулы Күштердің ардагерлері өзімізді әрдайым әскери сапта деп есептейміз. Еліміздің алдында тұрған кезек күттірмес күрделі міндеттерді жүзеге асыру үшін қолдан келгеннің бәрін жасауға әзір екендігімізді айтқым келеді.

— Әңгіменізге рахмет!

Сұхбаттасқан

Әбубәкір СМАЙЫЛЛОВ,

Л.Гумилев атындағы Еуразия

Ұлттық университеті

әскери кафедрасының аға оқытушысы

(Басы 1-бетте)

МИНИСТР НЕ ДЕЙДІ, БІЗ НЕ ДЕЙМІЗ?



Табанынан таусылған адамдар арадағы делдалға ұрынбас үшін, көмір тұйықтарынан, қоймадан, қазба байлықты өндіруші мекемелердің өзінен сатып алуға тырысады. Оған да жету оңай емес, биыл «Шұбаркөл көмір» қоймасында кезекте адамдар апталап күтіп жүр. Далада түнеп, не асхана, не аяқ суытатын орын жоқ, жүк көлігінде қонып, кезек күтуден басқа амал жоқ.

Кезектің тым созылып кетуін көмір сатып алушылар қоймадағы тиеуші трактордың тек біреуі ғана жұмыс істейтінін айтса, қойма басшылары алушылар өз уақытын өздері жоғалтады дейді. Көмір сатушылар сатып алушы қойманы ұзақ аралап, сортын қарап, таңдау жасап жүріп, өзгелерді күттіреді деген уәжін айтады. Бұл сөзге сатып алушылардың да жауабы дайын: кен орындарынан сұрыпталып сүзгіден өткен ірі көмір экспортқа кетіп, ішкі нарыққа көбіне уатылған, қызуы әлсіз сортын жөнелтеді дейді. Қалай болғанда да, осындай қарбалас,

қапылыстың әуресін қарапайым тұрғындар тартады.

Емен есіктің арғы жағындағы шенеуніктердің айтқаны нарықтағы бағаның паркына тати қоймайды. Мысалы, қыркүйек айында индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Қайырбек Өскенбаев «тұйық иелері көмірді былтырғы бағамен сатып, қымбаттатпағанын» айтты. Министр тіпті «Шұбаркөл көмірін сатушы разрез былтырғы бағадан да төмендетті. Былтыр тоннасы 6 264 теңгеден сатылса, биыл 6 160 теңгеден сатылып жатыр. Қалған көмір сатушылар да бағаны құбылтпай, тұрақты ұстап отыр. «Қазақстан теміржолы» компаниясымен де келісім жасастық, олар да тасымалдау тарифін көтермейтін болды», — деді. Қ.Өскенбаевтың саралауынша, көмірдің арзаны Солтүстік Қазақстан облысында екен: бір тонна көмірлі 14,5 теңгеге сатып аласыз, Батыс Қазақстан облысында 21 мыңнан асып жығылады. Бұл облыс орталығы, қаладағы баға болса керек, шалғай ауылдағы көмірге

аса зәру халықтың қорасына жеткенше, бұл бағаныз еселеніп шыға келетіні қалыпты құбылысқа айналды.

Көмірдің бағасын кімдер қымбаттатады дегенге жауап іздегендер найзасын алыпсатарларға қарай лақтырғысы келеді. Расында да, күн суып, аяз бүргенде бүрсендеген жұрт жаппай көмір іздеуге, сатып алуға ұмтылады. Мұның бәрі «ас ішерденін...» кері деуге келмейді. Өйткені шалғай ауылдағы ағайынның көпшілігі тұрақты жұмыс істемейді, бюджеттік не мемлекеттік қызметкер де емес, қорасындағы санаулы түлігіне, ауласындағы бау-бақшасына күнелтеді. Малын күзде сатады, жиған пұлына қажетін сатып алады. Сондықтан да ерте қамдануға қолбайлау — қалтада қаржының жоқтығы. Күзгі қара суық қыстың қаһарына ұласқанда көмір бағасының «құтырып шыға келуіне» кейде дилерлік компаниялардың да әсері мол. Көмір тұйықтарына тауар жеткізбей, апарса да, там-тұмдап қана түсіріп, әуреге салады. Мұны бірнеше жылдан бері көмір алып сатып жүрген Нұрбол Иманбеков те растап отыр. «Биыл қалай болар екен, былтыр Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылындағы көмір тұйығына тауар жетпей, әбден кешіктірді. Ал бұл кезде баға шарықтап шыға келген болатын. Біз көмірді 100 шақырымдай шалғайдан келіп тасымалдаймыз, жолымызға кететін жанар-жағармай шығынын қоспасаң, ақтамайды. Ауылдық жерлерде алатын адамдардың көпшілігі — зейнеткерлер мен айлық жалақысынан төлейтін қызметкерлер. Олар ақшасын бірден бере алмайды, бөліп-жарып төлейді. Айналып келгенде, пәлендей пайда

да түспейді, күнделікті ас-суды айырса деп тасымалдаймыз», — дейді Нұрбол Иманбеков.

Басқа өңірлердегі көмір мәселесін зерттеп, сұрастырып көрдік. Мысалы, жанадан құрылған Жетісу облысында жауапты сала мамандары «көмір қоры жеткілікті болсын» деп 34 көмір тұйығы мен 4 қоймаға көмір тасымалдау ісі қарқынды жүріп келеді екен. Облыс қалқы қысқа маусым аяқталғанша 500 мың тоннаға жуық көмір жағатын көрінеді. Облыс, аудан әкімдері көмірдің тоннасы 14-21 мың теңге аралығында сатылып жатыр дейді. Кейбір «қыстың қамын жазда ойлайтын» жетісулықтар мамырдан тамызға дейін 130 мың тоннадан астам көмірді сатып алыпты.

Қалай десек те, министр Қ.Өскенбаевтың жыл соңына қарай көмір бағасы қымбаттауы мүмкін дегені болжам емес, шындыққа айналатын сияқты.

Қуан ЕСІМБАЙ

Жас өркен

МАҒАН КҮШ БЕРЕТІН АРМАН

Мен биыл студент атандым. Алматыдағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде оқып жүрмін.

Әсем Алматы мені бірден баурап алды. Ең әуелі студенттік өмірдің қандай болатынын сезіне бастадым.

Студенттік өмірдің қызық екенін тек университеттің ішінде ғана емес, өзім тұрып жатқан жатақханадан да аңғардым.



Алматы мен үшін ашылмаған арал секілді. Қаланың тартымды жерлерін көріп, күндіз-түні аралағын келеді.

Жаңа достар тауып, театр мен ойын-сауық мерекелеріне барып, спорттық шараларға қатыссам деймін.

Бірақ мен бұл қалаға қандай мақсатпен келгенімді естен шығармауым керек.

Мектеп қабырғасынан ұшып шыққаннан кейін әрбір жас тұлғаткің көкейінде

«Менің болашағым әрмен қарай не болмақ? Қандай мамандық иесі боламын?» деген сауал тұрады. Бірі жан қалауымен алға қойған мақсатына ұмтылса, тағы біреулері алда не күтерін болжауға қиналып, бейтаныс әлемнің табалдырығынан аттайды.

Ал мен арман қуып, журналистика мамандығын таңдадым. Неге десеніз, бұл мамандық иесінің бір орында тұрмайтынын, әрдайым жаңашылдықпен өмір сүретінін, халықпен бірге жүретіндігін, ең бастысы, жұртқа пайдалы да қызықты ақпарат жеткізетінін айтар едім. Болашақта еліме пайда келтірсем деген арман маған күш береді.

Менінше, әркімнің өмірі — өз қолында. Оны жарқын түске бояу өзіңе байланысты. Ең бастысы, жан қалауыңнан ешқашан бас тартпау керек.

Жанат ТІЛЕКБЕРГЕН,

Абылай хан атындағы

Қазақ халықаралық қатынастар

және әлем тілдері университетінің

Менеджмент және халықаралық

коммуникация факультетінің

1-курс студенті



Мемлекет басшысының Жарлығына сәйкес, Шымкент қаласының әкімі М.Әйтемовтің өр тоқсан сайынғы жоспарлы кезекті есепті кездесуі шаһардағы 4 ауданда жалғасын тауып келеді. Үшінші мегаполисте соңғы 9 айда атқарылған шаруа қыруар, маңызды аспект – қала бюджеті 2017 жылдан бері 4 есеге өсіп, 133 млрд теңгеден 583,5 млрд теңгеге артқан. Бұл қаржы әлеуметтің әлеуетін арттыруға, сондай-ақ маңызы бар нысандардың салынуына, денсаулық, білім, ауыл шаруашылық сияқты түрлі салаларды дамытуға жұмсалуда.

Мысалы, биыл денсаулық саласы 100 пайыз компьютерлік техникамен қамтылды. Қазіргі таңда қалада 44 емхана, 4 көпсалалы аурухана, 22 компьютерлік томография, 14 магниттік резонанс томографиясы бар.

«Материалдық-техникалық базаны жаңғырту бойынша биыл жоспарды 79 пайызға орындадық. Алдағы уақытта 6 емхана мен ПЭТ/КТ сәулелі терапия, 800 орындық университет клиника салуды көздесек, бұған қоса, 200 орындық перинаталдық орталық ашуды да жоспарлаудамыз», — деді шаһар басшысы.

АБАЙ АУДАНЫ



Мегаполис тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамту құрылысы жалғасуда. Аталған елді мекенді сапалы ауыз сумен қамту құрылысы өткен жылы басталған. 1-кезек бойынша, 185,5 шақырым су құбырын тарту жұмысының бүгінде 95 пайызы аяқталды.

Ал 2-кезек бойынша, 151 шақырым су жүйесін орнату қажет болса, бүгінде оның 94 пайызы тартылды. Сондай-ақ Құрсай елді мекеніне су беру мақсатында жоба бойынша 1000 текше метрлік 2 су жинау резервуарын салу қарастырылған. Резервуардан шыққан ауыз су екі сорғы стансасы арқылы абоненттерге беріледі. Қазіргі таңда, резервуардың қабырғалары құйылуда. Құрылысын желтоқсан айында аяқтап, іске қосу жоспарланған.

Бүгінгі таңда Құрсай елді мекені тұрғындары ауыз суды кестемен тұтынууда. Жыл соңында Құрсайдағы 8 336 абонент, яғни 41 680 адам сапалы ауыз сумен қамтылатын болады.

2022 жылдың қорытындысымен Құрсай, Асар-2, Текесу елді мекендері мен Нұртас су жинақтағыш ғимаратының құрылыс жұмыстары аяқталады.

Нәтижесінде, қала тұрғындарының сапалы ауыз сумен қамтылу көрсеткіші 98-ден 99 пайызға өспек.

Бекітілген жоспарға сәйкес, Шымкент қаласының тұрғындары 2023 жылы 100 пайыз сапалы ауыз сумен қамтылатын болады.

Абай ауданы Ігілік тұрғын алабында 1 319 отбасы қоныстанған. Халық саны 8431 адамды құрайды. Бүгінде Ігілік тұрғын алабы, 2021 жылғы атқарылған жұмыстар нәтижесінде сапалы ауыз сумен толық қамтылған. Осы жылды қосқанда табиғи газбен қамтылу көрсеткіші 100 пайызды құрап отыр.

694 үй мемлекеттік жүйеден электр қуатын алуда. Трансформатор жарығын қолданып отырған 625 үйді сапалы электрмен қамту мақсатында 2021 жылы құрылыс жұмысы аяқталған. Қазір абоненттеу жұмыстары 250 үйде аяқталып, қалған үйлерге де қосу жұмыстары жүргізілуде. Сонымен бірге Тұрғын алаптағы Терешкова көшесіне жарықшамдар орнатылуда.

Жалпы 43 көшенің 11-і асфальт, 22-і тас жол, қалғаны топырақ жолдар. 2021 жылы атауы жоқ № 6 көшеге шағыл тас төселді. Биылдан бастап атауы жок 32, 33, 34, 35 Жанақұрылыс (*Көксарай дүкен*), Сіргелі 1, 2, 3, 4, 5, 6, Баба ата, жалпы саны 10 көшеге шағал тас төсеу жұмыстары жүргізілуде.

Елді мекендердің инфрақұрылыммен қамту жұмыстары 2021-2025 жылдарға арналған

жоспарға сай, ретімен және кезегімен жүргізілуде.

Абай ауданына қарасты, Шұғыла шағын ауданында 728 отбасы қоныстанған болса, халық саны 3820 адамды құрайды. Бүгінде шағынаудан, сапалы электр қуатымен, ауыз сумен және табиғи газбен толық қамтылған.

Шұғылада жалпы саны 16 көше бар, 16 көшеге де толығымен асфальт жабыны төселген, және толық пайдалануға берілген. Жарықтандырылған көшелер саны — 4. Сапалы интернетпен қамтамасыз ету мақсатында талшықты оптика желісі орнатылған.

Самал-3 шағынауданында 6 801 отбасы, немесе халық саны 27 090 адамды құрайды. Шағынаудан тұрғындары ауыз су, табиғи газ, және сапалы электр қуатымен толық қамтамасыз етілген шағынауданда жалпы саны 63 көше бар. Оның 24-і асфальт, 39-ы тас жол. Биылғы жылы Б.Момышұлы (*жалғасы 1, 2, 3, 4*) Құрманғазы, Қайсенов, Өскенбай, Ерубаев, Аманжолов, Баршын 6 көше жөндеуден өткізілді.

Жарықтандырылған көшелер саны — 14. Солтүстік-батыс шағынауданында 181 отбасы қоныстанған. Халық саны 6 355 адам. Сапалы электр қуаты, табиғи газ, және ауыз сумен толық қамтылған.

Солтүстік-батыста жалпы саны 39 көшенің 22-сі асфальт, 17-сі тас жол. Биылғы жылы Өріс тұйығы, Талас, Бектау, жалпы

Биылғы жылы тізім «Тұран», «Нұртас», «Тассай», «Қайнарбұлақ тұрғын алабы», «Қайнарбұлақ саяжайы» елді мекендерімен толығып, бірқатар жобалардың құрылыс жұмыстары жүргізілуде.

Р.Мүлкемановтың айтуынша, 2022 жылға қарай аудан көлеміндегі табиғи газбен қамту көрсеткіші 100 пайызға жеткізіледі.

Шымкенттегі Қаратау ауданында тұратын халық саны 266,7 мыңнан асты. 24 елді мекеннің 17-сі сапалы электр энергиясымен қамтылған, қалған 7 мекенжайдағы мәселе 2023 жылдың соңына дейін толық шешіліп, сапалы электр энергиясымен қамту 100 пайызға орындалады. Осы жөне бұдан да басқа шешімін тапқан өзекті мәселелердің бір парасын аудан әкімі Рахымберді Мүлкеманов шаһар басшысы М.Әйтемовтің аудан тұрғындарымен кезекті есепті кездесуінде айтты.

«Биылғы жылдың соңына дейін «Достық», «Қайнарбұлақ», «Асар-2», «Тассай», «Тұран», «Нұртас» елді мекендеріндегі құрылыс жұмыстары аяқталады. Ал 2023 жылға қарай «Бозарық», «Қайнарбұлақ» және «Асар-2» (2-кезең) тұрғын алаптарында құрылыс басталады», — деді Р.Мүлкеманов.

Жалпы аудан аумағында орталық көріз жүйесімен қамтылған елді мекендер саны — 5. Ауыз сумен қамтамасыз етілген елді мекендер саны — 20. Табиғи

соңына қарай, аталған нысандардағы құрылыс жұмыстары толық аяқталса, жергілікті халық сапалы ауыз сумен 100 пайыз қамтылады», — деді аудан әкімі.

ЕҢБЕКШІ АУДАНЫ

Еңбекші ауданы тұрғындарымен жүздесуі барысында қала әкімі Мұрат Әйтемов шаһардың соңғы 9 айдағы әлеуметтік дамуынан хабардар етіп, алда атқарылатын шаруалардың бір парасын айтып өтті.

Басымдық берілген салалардың бірі — білім. Мектепке дейінгі мекемелерді салу бойынша мәселе алдағы 3 жылда шешімін табады. 577



ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ РЕТТЕЛГЕН ҚАЛА



2 көше жөндеуден өткізілді. Өзекті көшесі пайдалануға берілді. Жарықтандырылған көшелер саны — 3.

Шағынауданды сапалы интернетпен қамтамасыз ету мақсатында талшықты оптика желісі орнатылған.

Шымкенттің Абай ауданына қарасты 3,4,8 шағынаудандарында 77 көпқабатты үй бар. Халық саны 15296 адамды құрайды.

Бүгінде шағынаудандар сапалы ауыз су, табиғи газ, электр қуатымен толық қамтамасыз етілген. Шағынаудандардағы көшелерге толығымен асфальт жабыны төселген. Жарықтандырылған көшелер саны — 3.

Сапалы интернетпен қамтамасыз ету жұмыстары 2023 жылы аяқталады деп жоспарлануда.

ҚАРАТАУ АУДАНЫ

Шаһар басшысы Мұрат Әйтемовтің халықпен есепті кездесуінде Қаратау ауданының әкімі Рахымберді Мүлкеманов аудан көлеміндегі табиғи газбен қамтамасыз ету жұмыстары жөнінде баяндады.

Естеріңізде болса, былтыр «Азат», «Асар-2», «Достық» елді мекендерінде, жалпы 4 жобаның құрылысы аяқталған болатын.

газбен қамтылған елді мекендер саны — 18. Су алу қаупі бар орындарға және 378 көшеге ирригациялық арық орнатылған. Алдағы уақытта аудандағы мәселелер толық шешімін табады.

Аудан аумағында көріз жүйесімен қамтамасыз ету мақсатында былтыр «Мирас» және «Тұран» ішкі магистралы бойынша 2 жобаның құрылысы басталған.

Биыл бұл тізімге «Асар-2», «Тассай», «Достық» елді мекендері қосылып, аудан көлемінде жалпы 5 жобаның құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Жалпы аудан көлемінде көрізбен қамту көрсеткіші 42,7%-ды құрап отыр.

2023 жылы ішкі жүйелер бойынша «Тұран», «Тассай», «Асар-2», «Нұртас», «Достық», «Ақжайық» елді мекендерінде 6 жобаның құрылысын аяқтап, көріз жүйесімен қамту көлемін 57,9 пайызға дейін жоғарылату жоспарлануда. 2022 жылға дейін 65 пайызын көріз жүйесімен қамту көзделуде, — деді аудан басшысы.

Былырғы жылы сапалы ауыз сумен қамту бойынша «Көмешбұлақ», «Асар», «Шымсити»-ден «Достыққа» дейінгі әлеуметтік нысандар бойынша 3, кестемен «Нұртас» елді мекеніне 1, тасымалмен «Тұран», «Асар-2» елді мекендеріне 2, жалпы саны 6 магистральды жобаның құрылысы аяқталып, тапсырылған болатын.

Биыл «Нұртас су жинақтағыш» әлеуметтік нысаны бойынша 3 елді мекенде атап айтқанда, «Қайнарбұлақ», «Сайрам» және «Жанақұрылыс» аумағындағы «Ақтас-2»-де құрылыс қарқынды жүргізілуде, жыл соңына дейін 1-еуі тапсырылса, 2 жоба жана жылға өтпелі.

2023 жылдың соңына дейін 5 нысанның құрылысы жүргізіледі.

Бүгінгі таңда Қаратау ауданының 91,6 пайызы сапалы ауыз суды тұтынады. 2023 жылдың

нысан салынып, 3-6 аралығындағы балалар 100 пайыз балабақшамен қамтылады.

Үш ауысымдық мектептер саны азайды. Биыл бесеуінде мәселе шешіліп, төртеуі қалды. Бүгінде 242 525 оқушы 203 мемлекеттік мектепте білім алады. Биылдың өзінде 33 білім ошағы пайдалануға берілді.

Осы және өзге де шешімін тапқан мәселелерді айтқан шаһар басшысы жиынға қатысқан 300-ден аса тұрғынның 42 сұрағына жауап беріп, әрбір азаматтың талап-тілегі ескерілетінін, күрделілігіне байланысты орта және ұзақ мерзімде қаралатынын жеткізді.

Тұрғындардан түскен сұрақтардың басым бөлігі тұрғын үймен қамту, жол, жарық, ауыз су, тағы да басқа әлеуметтік және жеке мәселелерге қатысты. Өз кезегінде аудан әкімі Есбол Досбол Еңбекшідегі 35 елді мекендегі жеке сектор мен көпқабатты үйлердің жылыту маусымына дайындығын, аулалар мен саябақтарды абаттандыру, көшелер мен жолдардың жөнделген тұстары мен көрсеткіштерін жайлы баяндалды.

Еңбекші ауданында 313 200-ден астам халық тұрады. Аудан бюджеті 2017 жылдан бері 11 есеге ұлғайып, 17,5 млрд теңгеден 78,5 млрд теңгеге өскен.

Негізгі қаржы көзі — ауыл шаруашылығы мен орта және ірі кәсіпкерлік субъектілері.

Қазіргі таңда ауданда 3 өндірістік аймақ жұмыс істейді. Атап айтқанда, «Оңтүстік», «Ордабасы» индустриалдық және «Оңтүстік» экономикалық аймақтары бар. Ал жаңадан салынып жатқан «Жұлдыз» экономикалық аймағына инженерлік инфрақұрылым жұмыстары жүргізілуде.

Аудан әкімі құрылыс жұмыстары толық аяқталған соң, бұл жерден 60 ірі заманауи кәсіпорын ашу жоспарланғанын жеткізді. «Осының нәтижесінде 100 млрд теңге инвестиция тартылып, 3000 жұмыс орны ашылатын болады», — деді Д. Есілбек.

Айтып өтейік, жиынға қоғамдық кеңес мүшелері, мәслихат депутаттары мен БАҚ өкілдері қатысты. Есепті кездесу әдеттегідей Шымкент қаласы әкімдігінің инстаграмдағы ресми парақшасында тікелей эфирде көрсетілді.

Қала әкімі М.Әйтемов жыл басынан бері мегаполистегі елді мекендерді аралау барысында 127 кездесу өткізді. Көтерілген 1020 мәселенің әрбірі жеке хаттамаға енгізіліп, орындалуы жіті бақылауға алынған.

АУРУХАНА МЕН КЛИНИКАЛЫҚ-ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҚ САЛЫНАДЫ

Шымкенттегі «Бозарық-2» шағынауданында 800 орындық университеттік көпбейінді аурухана мен ауысымына 700 адам қабылдайтын клиникалық-диагностикалық орталықтың құрылысы басталды.

Ресми ашылуға қала әкімі М.Әйтемов, денсаулық сақтау және кәсіпкерлік басқармасының басшылары, «САУТС-Ойл» компаниясының президенті С.Сейітжанов, «China Machinery Engeneering Corporation» директоры Ху Джанху, университет ректорлары, профессорлар, қоғам белсенділері мен БАҚ өкілдері қатысты.

Жоба арнайы мемлекеттік бағдарлама аясында Шымкент қаласының Денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытудың 2026 жылға дейінгі өңірлік перспективалық жоспарына сәйкес іске асырылуда.

Нысандар жеке инвестор — «Оңтүстік» қаржы сауда-өнеркәсіптік корпорациясы» холдингі есебінен қаржыландырылуда, нәтижесінде қалада жаңадан 2500-ден астам жұмыс орны ашылмақ.

Шараның салтанатты ашылуына қатысқан шаһар басшысы: «Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында басымдық



бергендей, ел экономикасы мен халықтың денсаулығы арасында тікелей байланыс бар екені белгілі. Экономикалық дамудың әлемдік тәжірибесі көрсетіп отырғандай, дені сау ұлт тиімді экономиканы қалыптастырады. Ұлт саулығы өндіріс ресурсы, кез келген қоғамдық жүйенің басты байлығы болып табылады. Осы орайда, қаламызда жана заманауи аурухана салу халыққа медициналық көмектің тапсасын арттыратындығына, төсек-орын тапшылығын қысқартуды қамтамасыз етіп, қаламыздың тұрғындарына жоғары технологиялық медициналық қызметтерді алуға мүмкіндік беретіндігіне сенімдімін, — дей келе, заманауи нысан салуға мұрындық болған «Оңтүстік» қаржы сауда-өнеркәсіптік корпорациясы» холдингінің, Оңтүстік

Қазақстан медицина академиясының командасына және жеке С.Сейітжанұлына белсенді азаматтық ұстанымы мен шаһардың денсаулық сақтау саласын дамытуға қосқан ерекше үлесі үшін алғыс білдірді.

«САУТС-Ойл» компаниясының президенті С.Сейітжанов мегаполисті көркейтуді, дамыту жолында аянбай еңбек етуге дайын екендіктерін жеткізді. «Шымшаһардың гүлденіп, түрленуіне әрбіріміз үлес қосқанымыз жөн. Өйткені Шымкент — біздің ортақ үйіміз. Ал ұлт саулығы Қазақстан болашағы үшін өте маңызды, дені сау ұлт қана Отанын дамыта алады», — деді ол.

Қала әкімдігі тарапынан бұл бастамаға жан-жақты қолдау көрсетілуде.



Қазіргі таңда жобаны іске асыру үшін «Бозарық-2» шағынауданында орналасқан жалпы ауданы 150 га арнайы аурухана құрылысы үшін бөлінген жер учаскесіне қажетті инфрақұрылым жүйелері атап айтқанда, электр, газ, су, көріз жүйесі, телефония жеткізілді. Алдағы уақытта құрылыс кезеңінде қажетті жолдар мен жол инфрақұрылымының құрылысы қамтамасыз етіледі.

Шымкент қаласы әкімдігі баспасөз қызметінің көмегімен дайындаған
Мәлімді КЕНЖЕБАЙ,
Шымкент қаласы

Бүкіл ел ішінде қолға алынған «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы халықтың жайлы өмір сүруіне жағдай жасауды көздейді. Бұл орайда, әсіресе, ауыз су, жарықпен қамту, газдандыру, тұрғын үй қорын жаңарту сияқты жұмыстарды іске асыру маңызды. Еліміздің бас қаласы – Астанада бұл бағытта қыруар шаруа іске асырылып келеді.



ГАЗДАНДЫРУ ҚАРҚЫНДЫ

Бұрынғы жылдары Астанада қыс түсіп, жер үйлер көмір жаға бастағанда тымық күндері қала түгіннен тұншығып тұратын. Қазір тұрғындар қала ауасының әжептәуір тазарып қалғанын айтады. Мұның бәрі мегаполис маңындағы елді мекендерді газдандыру ісінің қарқынды жүруінің арқасында мүмкін болды.

Жалпы Астана бойынша газ тарату желілерінің құрылысын жүзеге асыру үш кезеңнен тұрады. Былтыр оның бірінші кезеңі түгел және екінші кезеңі ішінара аяқталды. Қалған кезеңнің жұмыстары 2022-24 жылдарға арналған республикалық және жергілікті бюджет есебінен жоспарланып, жүргізіліп жатыр.

Астана әкімдігі баспасөз қызметінің мәліметі бойынша, бүгінгі таңда Сарыарқа және Алматы аудандарында үйлерді газға қосу мүмкіндігі толық қамтамасыз етілген. 10 тұрғын алабы мен 4 шағын ауданға (*Ақбидай, Қазақары, Нұр-Бесік, Потанин көшесі ауданындағы шағын аудан*) осындай мүмкіндік жасалды. Бұл максатта қалада 680 шақырымнан астам газ тарату желісі салынды, кварталішілік желілер тартылды. Аталмыш аудандарда 6,5 мыңға жуық тұрғын үйлерін газға қосылды.

Ал Байқоңыр және Есіл аудандарында газ құбырын салу жұмысы жүріп жатыр. Биыл аудандық Тұран, Телман қазандықтарына, сол сияқты Ильинка (*Үрке*), Өндіріс, Телман, Пригородный елді мекендеріне және «Family Village» және «Garden Village» шағын аудандарына газ жеткізу желілерінің құрылысы басталды.

Шұбар шағын ауданы 2023 жылдан бастап түгел газбен қамтамасыз етілмек. Осы жылдың соңына дейін сараптаманың оң қорытындысын алу жоспарланып отыр екен. Қазіргі уақытта жобалау жұмыстары жүргізілуде. Келесі жылы аталған ауданда құрылыс-монтаж жұмыстары басталады дейді мамандар.

Айта кетейік, газдандыру бойынша ынталандыру және көмек көрсету үшін бірқатар әлеуметтік шаралар қабылданды: үйлерді газға қосуға арналған құжаттар тізімі екі есе қысқартылды, мұқтаж жандарға бөлінетін сома 2 еседен аса ұлғайтылды (*430 мыңға дейін*), тегін негізде газды есепке алу аспаптары (есептегіштер) беріледі, газдандыру үшін банктер арқылы бөліп төлеу және пайызсыз кредиттеу бар.

ЖЭО-1 және ЖЭО-2-де су жылыту қазандықтары толықтай газға ауыстырылды. Сондай-ақ әлеуметтік нысандарды газға қосу

жұмысы жүргізілуде. 20 әлеуметтік нысанның (*Алматы және Сарыарқа ауданы*) 13-і газға ауыстырылды, қалған 7 нысан бойынша іске қосу-жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Бұрын олар автономды жылу көздері арқылы жылытылды: көмір немесе дизель отыны арқылы бірнеше есе қымбат. Осы объектілерді газға ауыстыру есебінен жалпы үнемдеу жылына 1 млрд теңгеден асады.


Қала тұрғындары газдың өте ыңғайлы екенін айтады: көмір сатып алудың, күлді тазартудың, тәулік бойы үйге байланып отырудың қажеті жоқ. Көгілдір отынды пайдалану экологиялық жағынан да таза әрі қауіпсіз болып табылады. Сондай-ақ қаладағы әлеуметтік нысандарға да газ қосыла бастады. Бүгінде жиырма әлеуметтік нысанның 13-і газға ауыстырылған, қалған 7-уі

бойынша іске қосу-жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Осы объектілерді газға ауыстыру есебінен жалпы қаржы үнемдеу жылына 1 млрд теңгеден асып түскені мәлім болды.

АУЫЗ СУМЕН ҚАМТУ

Астана маңындағы 16 елді мекендерде шамамен 345 мың адам тұрады. Бұл дегеніміз, қаланың әрбір төртінші тұрғыны деген сөз. Аталған аймақтарды абаттандырумен қатар жарықпен, ауыз сумен, жылумен қамтамасыз ету, әлеуметтік нысандарды салу сияқты шешілуге тиіс жүйелі мәселелер де бар.

Біздің байқауымызша, қала басшылығы шаһардың шеткері аймақтарын да өмір сүруге барынша қолайлы етуді қолға алғандай.



Мәселен, сондай елді мекендерде соңғы уақытта 4 білім беру нысаны, 2 спорт кешені, 300 аула мен қоғамдық кеңістік және ұзындығы 117 шақырымнан асатын 250 көше салынып, 3,7 мың жарық бағандары орнатылған.

«Ағаш отырғызу учаскесі» (*ЛПУ*) елді мекенінде 400-ден астам адам тұрады. Астана әкімі Алтай Көлгіновпен кездесуде жергілікті тұрғындар өздері үшін аса өзекті ауыз су мәселесін көтерді. Өйткені бұл елді мекенде ешқашан бір орталықтан тарайтын су құбыры болмаған. Тұрғындар ауыз суды сырттан тасиды. Бұл, әрине, қолайсыздық тудырып отыр. Сондықтан кездесуде қала басшысы орталық су құбыры мен көріз желілерінің құрылысы басталғаны туралы ақжолтай хабарды жеткізді.

Сонымен қатар, А.Көлгінов келесі жылдан бастап аталған елді мекенді газдандыру бойынша жобаның қолға алынатынын, сондай-

SERPIN

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz



ақ әлеуметтік нысан (*балабақша*) салу жоспарда бар екенін айтты.

ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫН ЖАҢАРТУ

Қалада апатты жағдайдағы және тозығы жеткен тұрғын үйлерді бұзулы көздейтін тұрғын үй қорын жаңарту жобасын іске асыру жалғасуда. Тек соңғы төрт жылда осындай 38

жалпы саны 133 тірек пен шам орнатылды. Мамандардың мәлімдеуінше, биыл аудан бойынша барлығы 368 аулада сыртқы жарықтандыру жаңартылды.

УАҚЫТ ҮНЕМДЕЙТІН ОРТАЛЫҚ

Халықтың ыңғайлы өмір сүруіне жағдай жасау бағытында цифрландыру айрықша рөл



үйдің тұрғындары жаңа абаттандырылған тұрғын үйлерге көшірілген көрінеді.

Осы жобаны жүзеге асыру барысы жөнінде қаланың Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасының бөлім бастығы Төлеген Ахметов былай дейді: «Бірінші кезең 2013-2017 жылдар аралығында өтті, соның нәтижесінде 228 апатты үй бұзылып, 3400-ден астам отбасы жаңа абаттандырылған тұрғын үй алды. 2018 жылдан 2022 жылға дейінгі кезеңге есептелген екінші кезеңді іске асыру аясында 56 апатты үйдің тұрғындарын 1082 пәтерге көшіру жоспарланған болатын. Нақтылай айтқанда, 2018 жылы 86 пәтер, 2019 жылы – 197 пәтер, 2020 жылы – 209 пәтер, 2021 жылы – 257 пәтер тұрғындарын көшіру жүзеге асырылды».

Апатты үйлердің тұрғындары негізінен Абылай хан даңғылы мен Карасай батыр көшесі бойындағы көпқабатты тұрғын үй кешеніне қоныс аударды. Ағымдағы 2022 жылдың айына дейін 333 пәтерлік 18 апатты үйдің иелерін жаңа жайға көшіру көзделіп отыр.

«Аудандық әкімдіктерімен бірлесе отырып, қаладағы апатты үйлерді бұзудың үшінші кезеңінің жоспары жасалды. 2023-2027 жылдарға арналған бұл тізімге 903 пәтерлік 59 үй енгізілді», – деді Төлеген Ахметов.

Бір сөзбен айтқанда, қазір Астанада Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Елорданы ең тартымды қалаға айналдыру, тұрғын үйлердің жағдайын жақсарту, оларды жөндеу, айналасын абаттандыру, лифтітерлі ауыстыру, жеңілдетілген әлеуметтік тұрғын үй салу, ұзаққа созылған құрылыстарды қысқа мерзімде аяқтау бойынша жұмыстар қызу жүргізіліп жатыр.

ЖАРЫҚ КӨШЕ – ҚАУІПСІЗ КӨШЕ

Елордада көшелерді жарықтандыру жүйесі жаңартылып, тұрғындардың ыңғайлы әрі қауіпсіз қалада өмір сүруіне барлық жағдай жасалуда.

Мәселен, биыл Алматы ауданы бойынша 8126 қайта жарықтандыру жүйесі жаңартылды. Оның 2728-і аулаларға және 5398-і негізгі көшелерге жарық беріп тұр.

Жарықтандыру жұмысы жыл соңына дейін жалғасады. Алдағы уақытта аудан аумағындағы Айнакөл, Ғ.Мүсірепов, С.Нұрмағамбетов көшелерінде жаңа жарық нүктелерін орнату жоспарланған. Сондай-ақ Жерұйық-2, Қордай, Обаған және Астана-Қарағанды тасжолынан гольф клубына дейінгі аралықта орналасқан Х.Болғанбаев көшелерінде сыртқы жарықтандырудың жаңа желілері пайда болды. Осы аумақта

атқарады. Астанадағы «Ақылды қала» қызметін үйлестіру тұрғындар үшін барынша қолайлы етуге және туристер үшін тартымды қылуға мүмкіндік береді. Сондай жобаның бірі – iQala. Орталықта көрсетілетін қызмет түрлері тұрғындардың тұрмысын барынша ыңғайлы етеді. 2019 жылдың маусым-желтоқсан айында орталық 3701 қызмет көрсеткен болса, 2020 жылы бұл көрсеткіш – 69560, 2021 жылы 148586 жетті. Жыл басынан бері келушілер 125000 қызмет алды.

iQala орталығы 140-тан астам қызмет түрін көрсетеді. Оның ішінде жылжымайтын мүлік иесі ауысқан жағдайда, коммуналдық мекемелерімен шартты жасау, техникалық және бірыңғай төлем шартын алуға сұраныс жоғары. Жалпы iQala – әлеуметтік жоба. Оның қызметі екі бағытта жүреді. Біріншісі онлайн қызмет ns.gov.kz арқылы жүзеге асса, екіншісі тұрғындар фронт-офиске келіп, тікелей консультациялық-кеңес қызметін алады.

Астана қаласының әкімдігі мен «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ бірлесе, коммуналдық қызмет түрін электронды форматқа көшірді. Енді iQala орталығының кеңсесі мен порталы арқылы елорда тұрғындары жылу, ауыз су, электр энергия, тұрмыстық қатты қалдықтарды шығару қызметіне келісімшартты жасай алады.

Соңғы кезде астаналықтар тарапынан газдандыру ісіне сұраныс артты. Осыған байланысты iQala-ға «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-тың қызмет түрлері енгізілді. Табиғи газдан бөлек, орталық газ жүйесімен келісімшартқа отыру қызметі цифрландырылды. Елімізде Астана алғаш болып iQala орталығын құрып, монополиялық компаниялар мен коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсынатын ұйымдардың қызметін бір жерге шоғырландырып, бір терезе қағидасы бойынша қызмет етуде.

Абзал ИБРАГИМ,
Астана

АСТАНАДА БЕС МЕКТЕП САЛДЫ

Астана қаласында халық санының жыл санап артуы балабақша мен мектептегі орын тапшылығына айтарлықтай әсер етеді. Бұл түйткілді оңтайлы шешудің бір бағыты – мемлекеттік-жекеменшік серіктестік. Еліміздегі әлеуметтік-экономикалық мәселелерді оңтайлы шешіп, іске асыру мақсатында қолға алынған мемлекеттік-жекеменшік серіктестік өз жемісін беріп отыр. Жыл өткен сайын осы бағдарлама бойынша әлеуметтік нысандар бой көтеріп, ел игілігіне беріледі.

білім басқармасының мәліметі бойынша, елордадағы 15 мектепте оқушы сана белгіленген нормадан артық, сонымен қатар 4 мектепте оқу үш ауысымда жүреді. Бас қаладағы оқушылардың саны 2021 жылы 190 мыңға жетсе, осы жылы 250 мыңға жуықтаған. Қала мектептеріндегі орын тапшылығы уақыт өткен сайын оңтайлы шешіліп келеді. Былтыр бас қалада 1 сыныпқа 25 мың бала қабылданса, биыл 26 мыңнан астам балақай мектеп табалдырығын атаған.

Астана қаласындағы мектептерде орын тапшылығын төмендету жолында еліміздегі жетекші құрылыс компанияларының бірі саналатын BI Group инновациялық құрылыс холдингі мен Астана қаласы әкімдігі

BI Group инновациялық құрылыс холдингінің BINOM Schools инновациялық жобасы арқылы мемлекеттік-жекеменшік серіктестік аясында бас қалада бір емес, бірнеше мектеп салды, әлі де құрылыс жүріп жатқан білім ошақтары тағы бар. Құрылыс компаниясы Астана қаласында осы бағдарлама негізінде бес бірдей мектеп салып, пайдалануға берді.

Астана қаласының әкімі Алтай Көлгінов алдағы уақытта қалада мектеп салу үшін 72 жер телімі белгіленгенін айтты. «Бұл жер учаскелерінің аумағы 120 мың оқушыға (*екі ауысымда 240 мың оқушы орны*) арналған оқу орындарын салуға мүмкіндік береді. Аталған жер учаскелері әлеуметтік нысандарға деген қажеттілікті ескере отырып анықталды. Ол

болады. Мәселен, елордада биыл 11 мектеп салынып, пайдалануға беріледі. Есіл ауданында – 6 мектеп, Алматы ауданында – 4 мектеп, Сарыарқа ауданында – тағы 1 мектеп, Байқоңыр ауданында – 1 мектеп (*ол 2023 жылы тапсырылады*) ашылады. Аталған білім ордалары арқылы 23 мыңнан астам оқушыға арналған орын ашылады.

Алдағы 2023 жылы тағы 13 мектеп салып, пайдалануға беруді жоспарлап отырмыз. Осылайша, тағы 22 мыңға жуық оқушы орны ашылады: Есіл ауданында – тағы 8 мектеп (*ауданда тұрғындар тығыз орналасқанын ескере отырып*), Алматы ауданында – 4 мектеп, Байқоңыр ауданында – 1 мектеп. Сол сияқты мектеп санын арттыру, оның ішінде жеке қаражат есебінен де көбейту мәселесін қарастырамыз», – деді шаһар басшысы.

Президент Қ.Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, үш жылдың ішінде Астана қаласында 34 мектеп салынған. Бұл – 70 мың баланың білім алуына оңтайлы өріс ашу деген сөз.

Мемлекеттік-жекеменшік серіктестік аясында келешекте бас қаладан салтанаты келісқан заманауи типтегі білім ошақтарын салу жалғасын таба бермек.

Нұрдан КӨШЕК



Астана қаласындағы мектептерде оқушыларға орын тапшылығын бекер тілге тиек еткеніміз жоқ. Астана қалалық



арасындағы мемлекеттік-жекеменшік серіктестік бағдарламасын жүзеге асыру арқылы орасан үлес қосып келеді.



қаланың барлық ауданында орналасқан. Әлеуметтік нысандарды салуға арналған жер учаскелерінің саны жыл сайын артатын



Иә, қалың елдің арқатұтар азаматы, көрнекті каламгер Шерхан Мұртазаның құтты шаңырағына кімдер келіп, кімдер кетпеген, сол заманда атак-данқы дүрілдеп тұрған классик жазушылар мен өнер қайраткерлері, жас таланттар, алыс-жақын ағайындар ағылып жатқандай әсер қалдыратын. Бірі құрметті қонақ болып, киелі үйдің табалдырығынан аттаса, бірқатары арнайы сәлем беруге келеді, ізет жасайды, бұйымтайын айта келетін тамыр-таныс емес, сырттай ғана сыйласқан жандар.



Жас кезі. Әлі 50 жастың өзі алыстау. Қылыштың жүзіндей қайраулы шак. Аса мығым денелі, көзі отғай жанып, ауыр қозғалатын, тәкаппарлау мінезді, казак басылымдарының алтын дәуірін жасап келе жатқан каламгердің үй-ішілік жағдайы да сол уақыт өлшеміне карай қарапайым, жұрт қатарлы болатын. Ол кісінің ақырын-ақырын тілдесіп, жөн сұрасуының өзі тіпті ерекше екенін, көңіл тауып сөйлесуі алтын сандықтың зерлі кілтін ештеп бұрап ашқандай әдемі еді. Разы көңілімен екпін түсіріп айтатын «Е, бәрекелді!» деген үйреншікті сөзін біз де бала кезімізден естіп өскеннен кейін бе, казір ардақты ағаның сол бір сөзін біз де қайталап қоятын болдық.

Олай дейтінім, Шерағаның осы Тараз қаласында танысып, өзіне сүйікті жар еткен Мәрия Ағбайқызы Төлепбергенова біздің үлкен әулеттің үкі таққан тұңғышы және төрт ағайын



кісілердің ортақ қызындай болып еркін өскен. Толқынды Талас өзенінің сағасында қоныс тепкен Ұшарал ауылында дүниеге келіп, уақатты отбасында өскен әпкеміз мектептен кейін облыс орталығы Жамбыла барып, оқу оқиды. Әкесі жалпақ жұртқа әйгілі «Талас» кеңшарының негізін қалаған кісілердің бірегейі, ұзақ жыл ферма меңгерушісі болып, осы шаруашылықта, ал 1945 жылдан бастап жанадан құрылған «Түгіскен» қаракөл қой кеңшарында ферма басқарған беделді, сөзі өтімді адам болған. Ол кісі туған қарындасы Бегайымның перзенті Адамбек Мұсаев әскери ұшықш болып, екінші дүниежүзілік майданнан жеңіспен оралып, облыстық құқық қорғау органдарының мамандығын алып шығады. Көп жыл бойы ол кісі Ұлттық кітапханада абыройлы қызмет етті. Негізі еңбек жолын «Социалистік

Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінен бастаған. Редакцияның еңбекшілер хаттары бөлімінде әдеби қызметкер болған. Мейірімді де шуақты көңілі күн сәулесіндей төгіліп, кісіні жанұшырып аялайтын Мәрия әпкемнің берекесі мен жақсылығы, ибалы мәдениеті мен сөзге жүйріктігі, қолы ашық жомарттығы, бауырмашыл пейілі Алматыда әйгілі жазушының отбасының абыройын асырғаны айдай анық. Сонау жетпісінші жылдардың ортасында бас қалаға алғаш рет абитуриент болып барғанымызда алдымыздан әпкемнің өзі күтіп алып, орталық кітапхананың оқу залына өзі жетектеп апарып еді. Үлкен қаланың көшесіне бой үйретейін деді ме, Масаншы көшесіндегі

баталы аналарымыз танымал жазушы Кәрібай Ахметбеков, Бақытжан Момышұлы мен Зейнеп женеше, Қаратай Тұрысов пен Әскергүл әпкемізді өз балаларындай қатты жақсы көрді. Бұл кісілердің біз айтып отырған екі анамыз үшін өзіндік туыстық жақындығы бар болатын. Жазушы Кәрібай ағамыздың әкешешесі кезінде Жамбыл облысындағы Ұшарал мен Түгіскенде тұрып, мал шаруашылығында еңбек еткен. Содан бері аралас-құралас, таныс жандар



Шерағаның тұтты мына сыр-ыңда

болса, ер Баукеннің ұлы мен келіні осы шаңырақтың ең жақын жанашырлары, ал Қаратай ағамыздың өзі Шерағаның сыныптас бала досы, ол үйдегі Әскеркүл әпке Талас-Тараз өңірінен, Мәрия әпкемнің туған сінлісіндей болып кеткен жарқын жүзді, мәдениеті биік, саликалы сырласындай еді. Сол уақытта өмір сүрген адамдардың ыстық пейілі мен сағынышты сезімдеріне еріксіз қайран қаласың, студент кезімізде жазғы не қысқы демалыс уағы бітіп, ауылдан Алматыға қарай аттанарда менің де асыл анам өрліген қауын ішек пен тапқырлық туралы, кімнің кімге қалай ұтымды сөз айтқанын зердесіне түйіп алған, бәрін қалай ұмытпайтынын қайдам, ой желісін үзбей, үнемі сүйсіне термелеп айтатын. Әріден теріп, «Жамбыл қаласының төр жағы Тектұрмаста дүниеге Төлепберген атамыз, Ұлту әжеміз, Бидалы бабамыз, арғы бабамыз...» деп келетін шежірелі әңгіме үстінде алаңгершілік қалір-қасиеттердің онегесін санаға сініріп, ойылықты бойымызға жұғысты етуді мақсат еткен болар.

Әпкем дастарқан басында өткен-кеткен ғибратты әңгімені отбасының соншама бақытты көңіл-күйін өсіру үшін әспеттеп айтқанында Шерағаның «Салтанат» әмбебап дүкенінен Абай мен Коммунистік көшелері қиылысында орын тепкен А.Пушкин атындағы кітапханаға жаяу барып, қайтамыз. Жол бойы ата-бабамыздан ауызша жеткен аңызға бергісіз батырлық пен тапқырлық туралы, кімнің кімге қалай ұтымды сөз айтқанын зердесіне түйіп алған, бәрін қалай ұмытпайтынын қайдам, ой желісін үзбей, үнемі сүйсіне термелеп айтатын. Әріден теріп, «Жамбыл қаласының төр жағы Тектұрмаста дүниеге Төлепберген атамыз, Ұлту әжеміз, Бидалы бабамыз, арғы бабамыз...» деп келетін шежірелі әңгіме үстінде алаңгершілік қалір-қасиеттердің онегесін санаға сініріп, ойылықты бойымызға жұғысты етуді мақсат еткен болар.

Әпкем дастарқан басында өткен-кеткен ғибратты әңгімені отбасының соншама бақытты көңіл-күйін өсіру үшін әспеттеп айтқанында Шерағаның «Салтанат» әмбебап дүкенінен Абай мен Коммунистік көшелері қиылысында орын тепкен А.Пушкин атындағы кітапханаға жаяу барып, қайтамыз. Жол бойы ата-бабамыздан ауызша жеткен аңызға бергісіз батырлық пен тапқырлық туралы, кімнің кімге қалай ұтымды сөз айтқанын зердесіне түйіп алған, бәрін қалай ұмытпайтынын қайдам, ой желісін үзбей, үнемі сүйсіне термелеп айтатын. Әріден теріп, «Жамбыл қаласының төр жағы Тектұрмаста дүниеге Төлепберген атамыз, Ұлту әжеміз, Бидалы бабамыз, арғы бабамыз...» деп келетін шежірелі әңгіме үстінде алаңгершілік қалір-қасиеттердің онегесін санаға сініріп, ойылықты бойымызға жұғысты етуді мақсат еткен болар.

Шіркін, шахмат ойыны ақылылардың ойыны болса, ұзақ ойландырады ғой кейде, екеуара үнсіз бір сағатқа созылған тартыс тура он сағатқа жеткендей күткізді. Әлем майталмандары Таль мен Ботвинник тартысындай текетірес болды-ау деймін сонда. Кімнің жеңгені есімде жоқ, атакты математик ұтқан болар, сосын



ықыласқа толы отырыс жалғаса берді. Бұл да сыйлы қонақтарды күтудің әдебі әртүрлі болатынын көрсеткен бір реті еді. Бозбала шақта көрген сол әсерім ұмытылмастай есте сақталыпты. Арала жиырма жыл өткенде халық жазушысы Шерағаның Алматыдағы М.Төлебаев көшесіндегі

даңғарадай бес бөлмелі пәтерінде санлақ академик, Жоғарғы Кеңестің депутаты, аса беделді тау тұлға Өмірбек Жолдасбеков аға бастаған қазактын аса ардақты зиялылары бас қосқанда да ізетті жолмен қызмет еттік.


Бар мен жоқты түгендеп, ақыл ойды тереңінен бағалай алатын ғұлама кісінің «Біздің Шәкең Жоғарғы Кеңестің қабырғасында қасқайып сөйлеп жатқан кезде бүкіл казак сөйлеп тұрғандай әсерде боламын. Әрбір айтар сөзі октаулы

тұрғандай, атылатын жанартаудай!» деп ағалық ақ сөзі сол заматта-ақ жатталып қалыпты.

Өмір ұлы адамдарды қалай-қалай тоғыстырады, бір қызықты құбылыс. Заман және замандастардың арасындағы достық, өзара сыйластық қарым-қатынастың арқау жібін үзбей, қадірлей білетін ұрпақтың ұғындырған ұлағатынан талай-

көшесі бойындағы 98-үйдін бірінші подбезінде атакты ақын Мұхтар Шаханов, даңқты экономист-ғалым, академик Көпжасар Нәрібаев, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, жазушы Кәкімжан Қазыбаев, мемлекет қайраткері, экс-министр Қаһарман Бабағұлов, философия ғылымының докторы, профессор, каламгер Әбдеш Қалмырзаев сияқты атак-данқы алысқа жайылған адамдар бірге тұрды. Наурыз мерекесі мен жана жыл кешінде бір-бірін құттықтау салты осы көршілердің бұлжымас заны болатын. Ал ақын Мұхтар Шахановтың аяулы шешесі Мәрия әпкеммен сөйлесіп, үйге жиі бас сұғып тұратынына талай мәрте куә болдық. Асыл ана әрбір амандасудан соң «Шырағым, қай ауылдың баласы боласың?» деп сұрап, түп-төркінінді біліп қалағын.

Ұшқан уяның мән-мағынасын терең түсінетін Мәрия әпкем Мыңбұлақ-Жуалыда тұратын қайнысы, ақжүрек Батырханды, ол кісінің бала-шағасын, сүйкімді немерелеріне дейін жанындай жақсы көріп, бауырына басты. Болмысы бөлек Батекен де ізет пен ізгілікке тік тұрған, әрдайым камкор, жанашыр пейілі мол жеңгесін ерекше сыйлады. Иә, кезінде сезімталдығы айрықша



талай ой тарқатуға болады. Жалын атқан жас кезінде достық жолын тандап алған Сейдахмет Бердіқұлов, Әкім Тарази, Камал Смайылов, Әбіш Кекілбаев, Қалихан Ысқаков секілді жазушылар, Сырбай Мәуленов, Тахауи Ахтанов, Ғафу Қайырбеков, Қалтай Мұхамеджанов, Шерияздан Елеукенов және басқа да көрнекті аға каламгерлер, Оралхан Бөкей, Қоғабай Сәрсекеев, Тұтқабай Иманбеков, Мұса Рахманбердиев тәрізді талантты іні-үзенгілес достары, сондай-ақ Әулиеатадан Кәрім Баялиев, Елен Әлімжановтар ақ дастарқанынан дәм татып, бак-дәулет тілеген күндері жұлдыздай жарқырап жалыда жанғырады. Мұны біздің халық «құтты шаңырағынан береке кетпеген»



дейді. Тіпті Шераға Республикалық Телерадио хабарларын тарату жөніндегі комитет төрағасы қызметінде болған жылдары Шәріп Омаров, Тыныс Өтебаев және басқа да телевизиядағы үзенгілес әріптестері келіп, кешкі уақытта жазушының кабинетінде «Қазақстан» телеарнасының жай-күйі қызу талқыланатын жиынға ұласқан сағаттары сірә, ұмытыла ма, әрине, ойдан шықплайды. Ер азаматтардың ел мүддесі, шығармашылық жана ізденістерінің барысы, әдеби-мәдени ұлттық құндылықтар туралы ой таластары барысында қалың қабағы қасқайып, жолдастарының қак ортасында әрбір сөзге мұқият зейін қойған Шерағаның әлденеде шылым тартқанын, көк түтін будақтатқанын да

Кітапта бүкпесіз, ашық айтылған талай жеке сыр бар...

Оқырмандардың көңілінде көп жағдайда отағасы және отбасының қалыптасқан дәстүрі, жеке өміріндегі ерекше тұстары көлбөндеп тұратынын жақсы білеміз. Сол себепті де осы жазбаларды қағазға түсіріп отырған жайымыз бар.

Қалың қазактын қадірлісі өзіне тән сабырлы мінезіне сәйкес мәдениет пен парасаттылықты жоғары ұстағаны анық. Алды ақжайлау Мәрия әпкенің әдемі талғамымен шаңырақтың сені мен мәні жайнап, жарқырап кететін. Дастарқаны қандай мол, зерлі ыдыс-аяктарымен жарасып, қашан да оған көз тоймайтын. Ананың тәлім-тәрбиесінен зиялылар отбасында кіршіксіз тазалық, ыстық ықыласты аура сақталды.

«Егемен Қазақстан» газетін басқарған жылдары әділдік пен көмек қолын сұраған қандас ағайындар, өңірлерден көпшіліктің аманатын аркалап келген казак бауырлар мен жеке өтінішпен жолыққан кісілер үйіне телефон соғып, рұқсат сұрап, кіріп жатады, кейде есік алдынан күтіп алған жағдайды да көрдік. Егемендіктің елен-аланында атажұртқа Монғолия, Қытай елдерінен көш түзеген адамдардың көші-кон мәселесіне байланысты қайраткер тұлғаның үйіне келіп, арыз-шағымын айтып барғанының өзі сол кезде аса беделді бас редактордың халықшыл мінезін көрсетті және сол кезде қоғамды қатты алаңдатқан, қозғалған өзекті де өткір тақырыптарда Ержұман Смайыл, Нури Мұфтах, Сабыржан Шүкіров, Рысбек Сәрсенбайұлы, Қайнар Олжай, Нұртөре Жүсіп, Ермұрат Бапи, Еркін Қыдыр, Гүлзейнеп Сәдірқызы сияқты кіл жоталы, алғыр да алымды журналистердің дабыл қакқан сүбелі мақалалары бас газеттің бетінде жарияланып жатады. Айтылған бір ауыз адал сөз бен орындағы ұсыныс аяқсыз қалмайды деген осы болар.

➔ Әр ісіне мығым, қызмет жауапкершілігі қатал, мұнтаздай, маңғаз қалыпта жүретін қайраткердің биік мінберлерден халық сөзін ширығып айтса, ол да қайсар күрескерлік қасиеті. Ал дарынды жазушының шығармашылықпен айналысу дағдысы мен ерекшеліктеріне келсек, біраз туындыларын Әдебиетшілер үйінде жазғаны айтылады. Бір қарағанда, ең ірі бұқаралық ақпарат құралдарына



бетбұрыс жасап, көп жыл үздіксіз басшысы қызметінде болған адамның бос уақыты болуы мүмкін де емес. Газет жұмысы қиямет-қайым. Журналда да солай тынымсыз еңбек. Қат-қабат қарбалас. Жазушылар одағының хатшысы лауазымды қызметінде тіптен жауапкершілік көп. Телерадио комитеті тәулік бойы қол босатпайды, бас ауыртады. Сонда талантты жазушы қазақ әдебиетінде керемет туындыларын қай уақытта жазып үлгерген екен дейсіз? Қай уақытта? Ғажап! Бес томдық «Қызыл жебе» кітаптарына қажетті архивтік дүниелерді алыс-жақын елдерден мұқият жинастырып, зерделеудің өзі қаншама күш-жігерді талап еткенін болжауға болады.

Мықтылық деген осындайда көрінеді. Қазақтың уақытқа мойынұсынбайтын ұлы тұңғасы Тұрар Рысқұловты қайта тірілтіп, оның рухын жаңғыртуға 25 жыл ғұмырын арнады. Ширек ғасыр!

«Қызыл жебе» кітабын әдебиет сыншылары эпопея деп бағалады. Халық жазушысының әр кітабы мен әңгімелерінің жазылу тарихын оның алтын уақытқа қалай қарап, қастерлеген қалпынан ой түйіп, жете аңғарасыз.

Ал өткір, шындықты ту еткен публицистикалық мақалаларын Шераға негізінен үйінде түнде отырып жазып келетінін «Егеменде» бірге қызмет еткен жылдары көрдік. Онда да үйіндегі кітап сөресі самсап тұрған кабинетінде емес, үлкен зал немесе қонақ күтетін кең бөлмеде ұзын үстелдің бір қырында жайғасып, ақ парақтын бір бетіне қою сиямен батырып жазатын. Кереметі сол, қолы қарулы ағаның жазуы өте анық, әр әрпі тұнық, бір сөзі қайта жөнделмеген қалпында қағазға түсіреді. Әр мақаласының әуелі өзі қойған тақырып атауын да

жакындағанда «бұлтсыз күнгі найзағай» ойнаған еді...

Қабылан мінезді, қайсар тағдыр кешкен Шерағаның ауыр қайғыдан қабырғасы қайысты. Қалың орман елінің демеуімен сағы сынбады десек те, балаларының анасын, өзінің ең жақын жан серігін егде жасында жоғалтуы оңай соқпады.

...Қаламгерлік пен қайраткерлікті қатар ұстаған дара тұлға қалың жұрттың қабағына қарады. Ар биігінен көзқарастары

мен ұстанымдары соны ұқтырды. Отбасының киесінен қуат алған абзал аға қоғамдық ой-сана тазалығы, әлеуметтік әділеттілік пен ел тәуелсіздігі жолында бұрынғыдан да белсенді қызмет етуді мұрат тұтты.

Қалам ұшымен жақсылыққа жетеледі. Әйел — отбасының ұйытқысы. Ана — күдірет деп. Жұмақ ананың табанының астында деп... Көркем шығармаларының шоктығындай болған «Ай мен Айша» романын жазды. Оқырмандардың әлденеше мәрте қайталап оқитын, әрбір ойы бір повестьке жүк болатын «Бір кем дүние» кітабын шығарды.

Жалынды жастық шақтары мен өршіл, от боп жанған жылдары, кемелденуі мен ұлттық абырой биігінен көрініп, талантты тұғырымен халық мақтанышына айналған ғұмыры ай туғандай Алматыда өтті. Араға жылдар салып, үшінші мәрте Парламент Мәжілісіне депутат болып сайланған кезде Астанада тұрды. Одан кейін өзі жанындай жақсы көрген Тараз қаласында жұрттың ыстық құшағында болды. Әулиеата әлемінде алып тұлға, көрнекті қайраткер Шерағаның болуы қоғам мәдениеті мен әдебиетіне тың қуат пен ұлттық рух алып келді. Бұл бір керемет дәурен еді.

Ал өмірінің ақырғы қарттық жылдарын Алатаудың баурайында Алматы өткізді.

Көзі тірі болса, ұлт перзенті тұғырына қонған ел ағасы, халық жазушысы бүгіндері 90 жасқа толар еді. Артында өшпес ізі мен сөнбес сөзі қалған қайраткер қаламгердің тағлымы жас ұрпаққа өнеге, таусылмас қазына екені анық. Кейінгі ұрпақ та оны өздерінің терең білімімен, әдеби талғамымен уақыт кеңістігінде әрдайым бағалайтын болады.



қайта қарап, түзеткенін көргеніміз жоқ. Әйгілі Камал Смайылов досы екеуінің «Егемен Қазақстан» газеті бетінде бір жарым жыл бойы жазысқан тарихи хаттарының қолжазбасы мен олардың компьютерде теріліп, газетте басылған нұсқасын салыстырып қарасаныз, бір әрпі де қисаймаған. Тасқа басылған ақ сөзінде бір мін жоқ.

Халық қалаулысы Шерағаның жазушылық ғұмырына барлық қолайлы жағдайды туғызған және барлық кітабын оқыған жары Мәрия әкемнің өмір ағысында ұсақ-түйек болса да пенделілікпен ренжіген күні болды ма екен деген бір сұрақты да қоя алмайсың. Себебі алтын мінезді асыл жанның жаратылысы мен сабырлы ой-өрісі құтты шаңырақ киесіндегі көрікті әрі күшті болды. Ол кісі елі ардақтаған, рухы мықты азаматын жұрт айтқанындай «Шераға» деп құрметтеді. Жалған дүниеден сырқат мендеп, мезгілсіз озғанынша отағасын төрге шығарды. Пайғамбар жасына

Шок жұлдызды Шерағаның шарапаты мен жүрген жолы, сөзі мен ісі тірі кезінде-ақ аңызға бергісіз жағдайда айтыла беретін.

Ендігі жерде абыз жанның асыл мұраларымен бірге құтты шаңырағында кие мен күдірет ұялаған өмірінің ұлағаттары да жылдар өткен сайын сағынышпен жаңғыра түседі деп ойлаймыз. Жас Шерхантаушылар үшін мұның бәрі ел шежіресіндей ең қымбат жәдігер және алтын көмбе тәрізді бір әлем.

Біз осы жазбаларды түсіріп, редакцияға ұсынған сағаттарда «Екі мың жылдан астам тарихы бар Тараз қаласының қас ортасында, 20 қазан күні қазақтың Шерағасына жұрт қалауымен биік, зәулім ескерткіш қойылады» деген бір хабар тарап жатты...

Мейрамбек ТӨЛЕПБЕРГЕН,
Қазақстан Парламенті Мәжілісінің депутаты,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
Астана

Біз өскен өңірдің жазы жаймашуақ, ал қысы адуын. Кейде апталап соғатын долы бораны бет қаратпайды-ау, бет қаратпайды.

Адамның мінезі туып-өскен табиғатына тартады дейді. Жуалылықтардың көбінің мінезі тік, өжет, өршіл, бәлкім, айтқан бетінен қайтпай о жарланып кететіні содан шығар. Солардың бірі де бірегейі — ер Баукең ағамыз. Табиғаттан тазалықты да қанына кең-молынан сіңірген дара болмысымен ел басына күн туған қиын-қыстау шақта қайталанбас ерлігі, небір күрделі, қысталаң жағдайдан алып шығатын қолбасшылық тапқырлығымен әлемге әйгілі болып қана қоймай, қазағын да танытты. Момышұлы деген тегімен-ақ өз ұлтын қаншалықты жақсы көретінін жарқыратып көрсете білді. Өкініштісі, ұлтымыздың мерейін асқақтата асырып, мәртебесін биіктеткен Бауыржан Момышұлына лайықты құрметімізді көзі тірісінде көрсете алмай, жасықтық таныттық.

Ер Баукең қан-қасап майданда ерліктің ерен үлгісін қалай жарқыратып көрсетсе, бейбіт өмірде рухани әлемнің өшпес өнегесі бола білген



журналистиканың жампозы, жазушы, қоғам, мемлекет қайраткері Шерхан Мұртаза ағамызды да өз дәреже, деңгейінде дәріптеп, құрметтей алдық па? «Жоқ!» дейді менің ішкі ойым. Егер бағалай білсек, қаламдасстар арасында да, Парламент мүшесі болғандардың ішінде де Халық Қаһарманы немесе Еңбек Ері атанатындардың бірі де бірегейі Шерхан ағамыз болатын еді-ау!..

Иә, талайлардың мандайын семсер сөзімен сілейте соққан Ш.Мұртазаның өзі жазғандай, «Бір кем дүние» деген осы шығар...

Қалай десек те, М.Горбачевтың «қайта құруынан» кейін тоталитарлық биліктің «болты» босап, демократияның себезгі сәулесі жылт етті. 1986 жылғы желтоқсандағы қазақ жастарының көтерілісі оған дем берді. Содан кейін ондаған жылдар бойы ұлы орыстық шовинизмнің қысығын көрген аз ұлтты республикалар өз үндерін ашықтан-ашық естірте бастады. Осындай сәтте бүкіл халықтық қолдауға сүйенген Қазақстан басшысы Бауыржан Момышұлының сұрапыл шайқастар кезіндегі әлденеше рет ұсынылып, ала алмаған Кеңес Одағының Батыры атағының «Алтын жұлдызы» артында қалған жалғыз ұлы, жазушы Бакытжан Момышұлының қолына берілді. Дегенмен «өштен — кеш жақсы», әділетке әйтеуір қол жеткіздік қой деп көңілімізді бірледік.

Тәуелсіздік таны арайлап атты. Бабаларымыз сан ғасыр армандап, ансаған ғажап күнге жетіп, мәз болдық. Айта алмай келген бабаларымыздың ел мен жер үшін жасаған соғыстағы ерліктері ашық айтылып, білмей келген батырларымызды ұрпақтар санасында қайта тірілген керемет күндеріміз көбейді. Осындай тұста Жуалыда екінші дүниежүзілік соғыста ерлік туын желбіреткен Бауыржан Момышұлына арналған мұражай құрылысы басталыпты дегенді естідік. Жұмыс қарқынды жүріп жатыр, Ұлы Отан соғысындағы жеңістің елу жылдығы аталып өтер қарсаңда ашылады деп хабарласты ел жақтағы көңілі жақын жігіттердің бірі.

Мен ол уақытта Парламенттің «Халық кеңесі» газетінде бөлім меңгерушісі едім. Оған кімнің телефон шалып, шақырғанын білмеймін. Ауыл шаруашылығы академиясында ғылыми хатшы болып жүрген Базархан Ерғешұлы Рүстембаев кешкілік үйге келді. «Ертен музей ашылады екен. Маған сізді алып кел деп тапсырды» деді. «Ойбай-ау, жұмыстамын, оны неге ертерек айтпаған?» деймін әбіржіген үнмен. «Аға, бір-ақ күн ғой. Танертең шығамыз, үлкен шараға қатысып, түнделетіп болса да қайтып ораламыз».

Оның осы сөзінен соң «жарайды» деп иліге кеттім.

Келесі күні мамырдың 5-і болатын. Рульде Базарханның өзі. Көлігіміз шетелдік. Бірақ жолымыз ұзақ, шоқалақ, ойық-тесік, қырық жамау... Оның үстіне Қордай арқылы айналып жүреміз. Бір жерлерде безілдете айдап, енді бір тұстарында «бұраңдата билетіп», түске таяу Рысқұлов ауданының Жанатұрмыс ауылына жеттік. Сол ауылдан тездетте түстеніп, қайта жолға шықтық. Тағы да тоз-тозы шыққан қотыр жол. Қанша асыққанымызбен ашылуына да, одан кейінгі шараларына да үлгере алмадық. Түс аудырып барсақ,



шаруашылықтар құрған киіз үйлерін жығып, жиналып жатқан үстінен түстік. Әдейілеп келдік қой деп, Баукең мұражайының сыртын да, ішін де көрдік. Қойған жәдігерлік дүниелерге көз жүгірттік. Базархан жанымыздағы жүрген жігіттен:

— Алматыдан кімдер келді? — деп сұрады.

— Баукеңнің ұлы мен келіні, Шераға Мария жөнгемізбен және Ким Серікбаев дейтін бір аға.

— Бауыржан Момышұлы атындағы әскери мектептің директоры, біздегі бірден-бір әскери ғалым, полковник Ким ағамыз ғой, — дедім мен.

Аудан әкімі Еркінбек Солтыбаев ол кісілердің бәрін үйіне алып кетіпті.

— Онда сол үйге барайық, — деді Базархан.

Жолда түстенген үйімізде аздап татып алған едік, батылмыз. Енді неден тартынайық? Бүкпелемей айтқанда, ақиқаты — осы. Әкімнің үйіне барсақ, қонақтар шөй дастарханын

Не керек, сол күні кете алмадық. Базархан «барамыз да қайтамыз» деп қулығын асырыпты.

Ертеңінде Жамбылда (*ол кезде солай аталатын*) Нұрсұлтан Назарбаевпен бірге Теміртауда металлург болып жұмыс істеген бір туысының тойына қатыстық. Үшінші күні Құланда тұратын жиені ме, әйтеуір, бір жақын кісісі автопатқа ұшырап, ауруханаға түсіпті. Сонын жайымен кідірдік. Төртінші күні Қордайда Жылыс дейтін шәкірті үйіне шақырып, ол ұстады. Барған жеріміздің бәрінде кең жайылған дастарханды көрдік. Базарханға деген ағыл-тегіл көңілдерін білдіріп қалайық деген кісілердің құрметіне әбден мейімдедік. Алдымыздан ішімдік кетпеді. Сәл көңілдене бастағанда Базекен бауырым: «Ал, аға, тіске басарыңыз қайда? Қалтаңызда әбден сүрленген шығар, жүк қылмай жеп қойыңыз та», — дейді. Сөйтіп қайта-қайта сұрайтыны — Шераған берген қара қойдың құлағы. Беруге ниет еткен секілді қалтамнан шығарып, орауын ашып, бұзылмай кеберсіп тұрғанын көріп қайтадан салып қоямын.

Сондай сәттің бірінде Шераға

ҚАРА ҚОЙДЫҢ ҚҰЛАҒЫ

аяқтап, аяқ жазайық деп тұрғалы жатыр екен.

— Ой, мына өзіміздің батырлар келіп қалды ғой! — деді дастархан төрінде отырған Шераға жайдары үнмен. Бәріне арнап сәлем беріп, үсті молынан жайылған үстелдің бір шетіне жайғастық. Отырғандардың ішінде аудан әкімінің бірінші орынбасары Естемес Аманбеков, ақын досымыз, аудандық «Жаңа өмір» газетінің көп жылдан бергі бас редакторы Мырзахан Ахметов бар. Әңгімелері жарасқан әдемі отырыстың үстінен түсіппіз. Сол ауан он-он бес минуттық үзілістен кейінгі үлкен астың үстінде әрмен қарай сәнімен жалғасты.

5 мамыр — Баспасөз мерекесі. Баяғы лениндік «Искраның» алғашқы саны жарық көрген айтулы күн. Жылдағы қалыптасқан дәстүр бойынша БАҚ саласындағы санлақтарды саралап, лауреаттарды марапаттайтын мерейлі күн. Журналистер одағында жауапты хатшы болып істейтін Рахымбай Сатаев ағадан Шерхан Мұртаза мен Камал Смайылов жылға жуық жазысқан «Елім, саған айтамын, Елбасы, сен де тында» деген үлгісі өзгеше, кім-кімге де берері ұшан-теңіз хаттары Журналистер одағының сыйлығына ие болғанын естіген едім. Әлгіндегі үзілісте Шерағаны лауреат болуымен құттықтадым. Мемлекеттік сыйлық алған, одан басқа да мәртебелі марапаттардың талай-талайының қуаныш-қызығын көрген кісі ғой, десек те, жақсы сөзіме желпініп қалды.

— Мына айтқаның рас па, әй?! — деді өзіне ғана тән мәнерлі үнмен, көзі қысықтана күлімдеп.

— Рас, аға, ол хабарды бүгінгі газеттер берген де шығар.

— Онда жуалды екенбіз ғой, — деді. Осы сөзіне өзі де, мен де күліп алдық.

Қонақтардың үлкені Шерхан аға екен, батасын да берді, басты да ұстады. Үлкен табақтағы үлкен бас тура бұзаудың басындай-ау, шамасы. Қойдың мынадай үлкен басын бұған дейін көрмеппін.

— Сендер Талғатты білесіңдер ғой, арамыздағы ең кішіміз осы. Бүгін ортамызға өз аяғымен келіп тұр. Енді он жылдан соң Талғатты шақыртып келтіре алмайсыңдар. Мына құлақты Талғатқа беремін, ел дегенде елендеп, жақсылыққа құлшынып жүрсін, — деп дәу құлақты тура қалын құйқалы жерінен кесіп алып, қолыма берді. Жазуыммен жарқырап көрініп жүргенімді де айтты. Мұндайда дуалы адамның аузынан шыққан әр сөзі ғажап әсер етеді емес пе, мақтағанды кім жек көрсін? Жүзім алабұртып отырмын.

Шераға дастархан иелеріне қарап та сөйледі. Көңіл қойып отырғандарға да арнап тілек тіледі. Аяғы алдымыздағыны «алып қоялыққа» келіп қосылғанда, мен ашы су толы рөмкемнің түбінде тамшы қалдырмай қағып салдым. Үлкен құлақтың құйқалы ұшынан сәл ғана бір тістеп, салфетканың үш-төртеуіне қабаттап орап, он қалтама сүңгіте салдым. Неге өйттім, дәл сол сәтінде оны ойламадым.

екеуміздің әкімнің үйінің ауласында арлы-берлі қолтықтаса жүріп, айтқан әңгімеміздің мәнісін сұрады.

— Желтоқсан көтерілісіне қатысты айғақ-кітаптарды білгісі келді. «Неге жалғаспай кідіріп қалды?» деді. «Сол қу ақша ғой, Шераға», — дедім. «Ақша дегеннен шығады, сен әнебір жылы осы мәселені маған да айтып едің-ау. Сонда мен «о пәлені айта көрме» деп, басымды ала қашып едім. Өзімнен қатар оқыған ұлым Батылжан кәсіпкерлікпен айналысамын деп онбай ұрынды. Теледидар басшылығынан кетіп, қызметсіз қалған кезім. Үй-ішімізбен әлекке түстік қой сол уақытта», — деді ол кісі. Орталықтағы әдемі үйлерінен айырылып қалды дегенді естіп едім. Бірақ Шераға ол жөнінде тіс жармады.

Біз осылай бесінші күн дегенде Алматыға жақындадық. Бұрынғы Брежнев алаңында Жеңістің жарты ғасырлығына арналған әскери шеру басталып кетті. Аспанда тізіліп ұшқан әскери ұшақтарды көрдік. Базарханның сөзіне сеніп, қажетті нәрсенің ешқайсысын алмай шығып едім. Костюм ішіндегі ақ жејдемнің жеңдері мен жағасы шұлғаудай болған шығар. Сакал-мұртымды да алмай, тісімді де жумай жүре беріппін.

— Ойпырмай, сайран құрған заманында Тоқаш пен Мұқағали, Шәмші ағаларымыз да өстіді ме екен? — деп күлемін машинаның айнасындағы ұсықны қашқан түріме үніле қарап.

Базархан қу дәл осылай болатынын біліп, спорттық киімдерін өзімен бірге ала шығыпты. Қанша кірлесе де білінбейтін үстіндегі жејдесі де соны аңғартып тұр. Ессесіне, сол күні Алма келіннен онбай таяқ жемесе де, күйініп айтқан «тәтті» сөздердің талайын естіді. Қызы Дина үшінші сыныпта болса, ұлы Арман мектеп есігін енді аттаған. Кеңжесі Тұрар әлі қырықнан шыға қоймапты. Осыдан кейін келіншегі қалай ренжімесін?..

Шерағамызбен қимай қоштасып, Кеңсайдағы мәңгілік мекеніне қойып келе жатқанда мен осы әңгімені еске түсіріп едім.

— Сондағы Шераға берген қара қойдың құлағы үйдегі кітап сөремде тұр. Әбден қусырыла келіп, тас болып қатып қалған, — дедім. Сол сөзім Аманхан Әлімұлының сезімшіл көңілін қозғап кетсе керек: «Талғат, мынауың қызық әңгіме екен, мен жазайыншы», — деді қиылып.

Аузын ашса, арғы жағынан лүпілдеген жүрегі қоса көрініп тұратын ақын досымыз жазды ма, жазбады ма білмеймін. Ол да екі жыл бұрын келместің кемесіне мініп, Шерағанның соңынан мәңгіліктің жолына түсіп кетіп қалды.

Енді қара қойдың құлағына көзім түскен сайын, сол бір сапарды, халқымыздың ыстық ықылас, ілтипатына бөленген Шерағаны және ақын досым Аманханды сағынышпен еске аламын...

Талғат АЙТБАЙҰЛЫ,
публицист-жазушы



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz



БӘС ТІГҮ



Қазақстан букмекерлері таяуда жауапты ойын жүйесін енгізді. Бұл шара спортқа бәс тігушілердің ойынқұмарлығын шектеуді көздейді. Мұндай тәжірибе Еуропада бұрыннан бар. Кейбір елде оның енгізілгеніне он жылдан да асып кетті. Қызықты ермек пен лудоманияға айналатын психологиялық тәуелділіктің аражігі қандай?

БАСТЫ МАҚСАТ – КЛИЕНТТІ ҚОРҒАУ

Казакстан Букмекерлері өзін-өзі реттеу ұйымы өкілдерінің айтуынша, жауапты ойын туралы алдыңғы қатарлы әлемдік тәжірибеге олар бірнеше жыл бұрын назар аударыпты. Ондай тәжірибені елімізде енгізудің себебі біреу-ақ. Бұл – бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі. Бір есептен, елдегі бүкіл букмекерлік кеңселерде кез келген клиентке шектеу қоятын күрделі IT-жүйені құру үшін қомақты қаржы жұмсаудың қажеті бар ма деген сауал да қылаң береді. Бәс тігушілер тұрақты табыс әкелсе, ал мемлекет шектеу механизмін енгізуге мән бермесе, мұндай жүйеге ақша шығару керек пе? Клиенттерінің материалдық тұрақтылығына өздерін жауапты санайтын букмекерлер бірауыздан «керек» дейді. «Біз өз клиенттерімізге қамқорлық жасауға тиіспіз. Бұл біздің қоғам алдындағы беделіміз», – деп атап көрсетті елдегі бір ірі букмекерлік кеңсенің жетекшісі.

Сөйтіп, жауапты ойын жүйесін енгізу талабы қойылмаса да, казакстандық букмекерлер мұны жүзеге асыруды жөн көрді. Ерікті түрде. Казакстан Букмекерлері өзін-өзі реттеу ұйымындағылардың пікірінше, спортқа бәс тігушілер бетпе-бет келетін тәуекелді назарсыз қалдыруға болмайды. Психологиялық тәуелділіктің пайда болу қаупін ескерген жөн. Өйткені пендені құрдымға құлататын құмарпаздық біртіндеп жайылды. Сондықтан клиентті қорғау үшін қолдан келгеннің бәрін жасау керек.

ТӘУЕЛДІЛІК ҚАЛАЙ ПАЙДА БОЛАДЫ?

Спортқа бәс тігу өмірдің мән-мағынасына айналатын жағдайлар да кездеседі. Бәрі де спорт бәсекесінің нәтижесін болжап, ақша ұтуға ұмтылудан басталады. Неғұрлым көбірек ұтса, соғұрлым жақсы.

(*қобіне шетелдік*) аңқауларды өз мақсатына пайдаланады. Олар бәс тігушіні жоғары коэффициентпен, қомақты ұтыспен еліктіруге тырысады. Желідегі «капперлер» индустриясы, яғни беттинг саласында өзін білікті маман санайтындар стратегия мен болжамдарын ғаламторда саудаға салады. «Кәсіби

ОЙЫНҚҰМАРЛЫҚҚА САЛЫНБАУ ҮШІН НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Осыдан келіп жиі ұтсам» деген тілек пайда болады. Бұл – психологиялық тұзақ.

Мамандардың түсіндіруінше, бәс тігуге жан-тәнімен берілу мен спортқа жай ғана болжам жасаудың айырмашылығы мынада: адамды спортқа болжам жасау қызықтырмайды, ол тек ақша ұтуды ойлайды.

Ұтысқа ұмтылу – шылыққан байлыққа кенелу немесе ұтысты тұрақты табыс көзіне айналдыру қиялынан туындайды. Мұндай тәуелділік бірден пайда болмайды. Үсті-үстіне бәс тіккен сайын ойынпаздыққа салынғанын адам өзі байқамай қалуы да мүмкін.

Әрине, бәс тіккеннің бәрі ойынқұмарлыққа салынбайды. Спортқа бәс тігушілердің басым көпшілігінде (*олар бір жағынан спорт жанкүйері де*) ешқандай тәуелділік жоқ. Олар спорт жарысына болжам жасауды әшейін ермек деп санайды. «Ұтыс маниясы» бірен-саранында ғана пайда болады. Әдетте жалғыздық, өз өміріне, жұмысы мен табысына көңілі толмайтындар ойынпаздыққа бейім.

Мұндай жандардың басты мотивациясы – жылдам байып кету. Психиатрлардың айтуынша, оларды алдап-арбау онай. Қазақстанда лицензиясы жоқ, заң шеңберінен тыс жұмыс істейтін букмекерлік кеңселер

каппер» деп санайтын алаяқтар беттингті тұрақты табыс көзіне айналдырғанын, соның арқасында мандай терлемей байығанын, жұмысты тастап, үнемі ұтысқа кенелгенін «жырлап», басқаларды да сайрандап өмір сүруге шақырады. Мұндай алаяқтардың мақсаты – ойдан шығарған болжамын сату арқылы бәс тігушінің қалтасына қол сұғу. Оларға көзсіз сену бәс тігуге құмарлықты шектен тыс асындыруы мүмкін.

Қайта-қайта бәс тігуге не түрткі деген сауалға жауап біздің ағзадан табылады. Мәселен, матчқа бәс тіккен соң адреналин «қызады, ал ми – «бақыт гормоны» – эндорфин өндіре бастайды. Адам осы кезде айрықша толқуды бастан кешіреді. Дәрігерлердің айтуынша, матч кезіндегі сезімдер есірткіге елтумен бірдей.

Дегенмен барлық адам мұндай күйге түсе бермейді. Көпшілік ойынды жай ғана тамашалаудан ләззат алады. Енді біреулер нашакор сияқты, эндорфин «дозасына» дөңгіп алған соң тағы да қайталағысы келеді. Олардың діттегені – көп ақша ұту.

Бір қызығы, ұтыстың өзі емес, ұтысты күту адамға кесірін тигізеді. Себебі ол әлдебір сиқырды күтуден бірдей. Мұндайда адам әлгі алаяқтардың қырық өтірігіне сене бастайды. Бәс тігуден олжаға кенеліп,

дәндеген адамды алдағы ұтысқа «жетелеп», алдарқататын әдіс көп. Оған сенсе, тұзаққа түскені!

«Бәс тігуді жалғастыра берсе, ұтылу шығыны ұтыс ақшадан сөзсіз асып кетеді. Адам өзінің ойынпаздыққа салыну себебін бір ай, бір жыл, бәлкім, бес жыл өткенде ғана сезінуі мүмкін. Сонда ғана ол өзінің тек адреналин іздейтінін түсінеді», – дейді букмекерлік кеңсенің өкілі.

Осындай эмоционалдық адасудың құрбанына айналмас үшін, жауапты ойын опциясына сүйеніп, ойынқұмарлыққа шектеу қою керек. Өзін-өзі шектеу көзсіз қадамнан сақтандырып, шексіз бәс тігуден сақтайды.



ОЙЫНҚҰМАРЛЫҚ БЕЛГІЛЕРІ

Аландауға негіз болатын белгілерге тоқтала кетейік. Айталық, «алдағы спорт жарысы туралы бәрін білемін» деп өзеуреу, оның қалай аяқталатынына сенімді болу – «алғашқы қонырау». Бәлкім, дәл осы кезде белгілі бір уақытқа өз-өзіне шектеу қойған жөн болар. «Ойын нәтижесін дұрыс болжадым, міне, ұтамын» деген сенім аландатуы тиіс. Өйткені букмекерлік кеңселер ешқашан тақырға отырмайды. Керісінше, табыс тауып жатыр. Демек кез келген коэффициент, болжам – бәрі де бүге-шігесіне дейін ойластырылған, есептелген. Сондықтан өз-өзіне тым сенімді болу дұрыс емес.

Басқа жұмыспен айналысып жатқанда спортқа болжам жасаудан бас тарта алмау да қауіпті. Спортты

болжау ойыныздан күндіз-түні шықпаса, басқа жұмыстарға бірден ойыса алмасаңыз, онда ойынпаздық шырмауындасыз.

Бәс тігуден басқа нәрсеге назар аудара алмаған кезде өзінді тежемесен, «ауру» асқынады. Барған сайын бәс тігуге берілген адам несие алуға жүгіреді, тамыр-таныс, жора-жолдастан қарыз сұрап, мезі етеді. Бұл – тек ойынмен өмір сүріп, бәс тігуге ақша табуды ғана ойлайтын кезең.

Осындай түйткілдер шыға бастағанда, спортқа бәс тігуден мүлде бас тартудан басқа амал жоқ. Ұзақ уақытқа, кем дегенде бір жылға. Қазақстандық букмекерлерде «өзін-өзі тоқтату» опциясы бар. Осы опция ойыннан шыға тұруға мүмкіндік береді. Ойынпаздыққа салынған кезде ел ішіндегі бірде-бір букмекер белгіленген уақытта бас тігуге рұқсат бермейді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫЛАР! 2022 жылғы 20 қараша

Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы



Сайлауға қатысуға конституциялық құқықты іске асырудың кепілі Сіздің сайлаушылар тізіміне енгізілуіңіз болып табылады.

Тізімдерді дауыс беруге арналған нақты учаскесінің аумағында тұрғылықты жері бойынша тұрақты тіркеу негізінде жергілікті атқарушы органдар (*әкімдіктер*) жасайды. Тұрақты тіркеуі жоқ азаматтар тізімдерге олардың орналасқан жері бойынша әкімдіктерге берген өтінішінің негізінде енгізіледі.

Дауыс беру күні тіркелген жері бойынша сайлау учаскесіне келе алмайтын әрбір азамат дауыс беру күніне бір ай қалғанда, яғни 2022 жылғы 20 қазанынан кешіктірмей тиісті әкімдікке өтініш беріп, олардың нақты орналасқан жері бойынша сайлау учаскесінде тіркелуге құқылы.

Өтініш түскен кезде әкімдік азаматты тіркелген жері бойынша сайлаушылар тізімінен шығаруды және оны дауыс беретін учаскенің тізіміне енгізуді ұйымдастырады.

Осы құқықты: – дауыс беру күні тіркелген жері бойынша болмайтынын білетін азаматтар; – басқа қаладан келген, арнаулы орта және жоғары оқу орындарында оқитын, жатақханалардан тыс тұратын студенттер;

— вахталық әдіспен жұмыс істейтін азаматтар пайдалана алады.

Азамат сайлаушылардың бір ғана тізіміне енгізіле алады. Сайлаушылар тізіміне тіркелген жеріңіз бойынша енгізілгеніңізді тиісті әкімдіктің сайты немесе Call-орталығы арқылы тексеруге болады.

2022 жылдың 4 қарашасынан бастап Сізге өз учаскеніздегі сайлаушылар тізіміндегі деректеріңізді тексеру мүмкіндігі берілетін болады.

Құрметті сайлаушылар!

Сіздерді құқықтық сауаттылық танытып, өзіңіздің сайлауға қатысуға конституциялық құқығыңызды іске асыруға шақырамыз! Өзіңізді сайлаушылар тізіміне енгізу үшін қажетті заңдық маңызы бар әрекеттерді уақтылы қабылданыз!

ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы



регистрации по месту жительства на территории конкретного участка для голосования. Граждане, не имеющие постоянной регистрации, включаются в списки на основании поданного заявления в акиматы по месту их нахождения.

Каждый гражданин, который не будет иметь возможность прибыть в день голосования на избирательный участок по месту своей регистрации, не позднее чем за месяц до дня голосования или 20 октября 2022 года, вправе подать заявление в соответствующий акимат и зарегистрироваться на избирательном участке по месту своего фактического нахождения.

При поступлении обращения акимат организует исключение гражданина из списка избирателей по месту регистрации и включение

ОБРАЩЕНИЕ ЦЕНТРАЛЬНОЙ ИЗБИРАТЕЛЬНОЙ КОМИССИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

УВАЖАЕМЫЕ ИЗБИРАТЕЛИ! 20 ноября 2022 ГОДА

Внеочередные выборы Президента Республики Казахстан

его в список того участка, на котором он будет голосовать.

Воспользоваться данным правом могут:

— граждане, которым известно, что в день голосования они не будут находиться по месту регистрации; – иногородние студенты, обучающиеся в средних специальных и высших учебных заведениях, проживающие вне общежитий; – граждане, работающие вахтовым методом. Гражданин может быть включен только в один список избирателей.

Проверить включение себя в список избирателей по месту регистрации можно через сайт или Call-центр соответствующего акимата.

С 4 ноября 2022 года Вам будет предоставлена возможность проверить данные о себе в списке избирателей на своем участке.

Уважаемые избиратели!

Призываем проявить правовую грамотность и реализовать свое конституционное право на участие в выборах!

Своевременно примите необходимые юридически значимые действия по включению себя в список избирателей!

ВАЖЕН ГОЛОС КАЖДОГО!

Центральная избирательная комиссия Республики Казахстан

Бас редактор — директор
Срайыл Махатұлы СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Гүлнар АХМЕТОВА — экономика, нарық

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-caim

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Мерген ТОҚСАНБАЙ—
Ақмола және Солтүстік Қазақстан
облыстары (8 701 312 39 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы
(8 747 706 13 82)

Нұргүл НАСЫР — Атырау облысы
(8 702 959 80 08)

Мөлдір КЕНЖЕБАЙ —
Шымкент қаласы (8 776 238 55 94)

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы
(8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Меншік иесі:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кенсе, 3-қабат
(*Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы*)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54. Тапсырыс — №1096;
Бағасы келісім бойынша

Таралымы — 5000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «AirAstana» әуекомпаниясы ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.
2021 жылдың 03 маусымында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ68VPY00036247 күзлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.